



Кен барлау ісіндегі кемел жоба

2-бет



Болашақ бесіктен басталады

3-бет



Мерекелік маусым мерейі

8-бет



РЕСМИ

Төлем тәртібі өзгереді

2026 жылғы 1 қазаннан бастап, Қазақстанда жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем төлеудің жаңа тәртібі пилоттық жоба аясында енгізіледі. Өзгеріс осы күннен бастап, әлеуметтік төлем алуға құқығы туындайтын азаматтарға қатысты.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді төлемнің мерзімі азаматтың міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу ұзақтығына қарай белгіленеді. Жүйеге 6-12 ай қатысқан азаматқа – 1 ай, 12-24 ай қатысқан жағдайда – 2 ай, ал, 24 айдан көп қатысқан жағдайда 3 айға дейін төленеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері белгіленеді. Ол төлем алу құқығы туындаған күндегі «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген 7 ең төменгі жалақының 45 пайызына тең болады. Нақты сома азаматтың соңғы 24 айдағы орташа айлық табысы мен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу ұзақтығына қарай есептеледі.

Жұмысынан айырылған азамат алдымен жұмыс іздеуші ретінде тіркелуі керек. Ол үшін тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына, сондай-ақ eGov.kz немесе Enbek.kz арқылы жүгінуге болады. Егер лайықты жұмыс табылмаса, азамат жұмыссыз ретінде тіркеледі. Төлем алуға құқығы болған жағдайда, әлеуметтік төлем жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап проактивті түрде тағайындалады.

Мансап орталығы азаматқа бос жұмыс орындарын ұсынумен қатар, кәсіптік оқыту, қайта даярлау, субсидияланатын жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар және басқа да жұмыспен қамту шараларын ұсынады.

Әлеуметтік төлем алып жүрген азамат жұмыс іздеуді жалғастыруы тиіс. Егер ол ұсынылған үш лайықты жұмыс орнын дәлелді себепсіз қабылдамаса, жұмыссыз мәртебесі тоқтатылып, соған сәйкес әлеуметтік төлем де тоқтатылады.

Айта кетейік, өзгеріс бюджет шығыстарын қысқартуға байланысты емес. Әлеуметтік төлемдер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Пилоттық жобаның негізгі мақсаты – азаматтардың жаңа жұмысқа мүмкіндігінше тез орналасуына жағдай жасау.

Отбасын қолдау – Отанды қорғау

Шаңырақтың биіктігі адамның бір-біріне деген мейіріммен өлшенеді. Отбасы күні – осы қасиетті ұғымның қадірін арттырып, татулық пен түсіністіктің, ата-ана мен бала арасындағы байланыстың маңызын тағы бір мәрте еске салатын мереке. Берекелі отбасы үшін махаббат, сыйластықпен қатар, әлеуметтік және қаржылық тұрақтылық та қажет. Бүгінде қиындыққа тап болған отбасыларға қолдау көрсетіп, олардың қалыпты өмірге оралуына жағдай жасауға айрықша мән берілуде.



ЖИ комитетімен әріптес Арайлым Қосыбаева

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсету мақсатында 13 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Мұнда азаматтарға құқықтық, психологиялық, әлеуметтік және басқа да бағыттар бойынша ақпараттық-консультативтік көмек көрсетіледі. Орталықтардың басты

міндетінің бірі – мәселе ұшыққанға дейін отбасына қажетті қолдауды ұсыну.

2025 жылдың төртінші тоқсанынан бүгінгі күнге дейін облыста 3 266 отбасының жағдайы зерделенген. 289 отбасы мемлекеттік қолдауға мұқтаж деп танылып, барлығы тиісті көмекпен қамтылған. Олардың қатарында тұрғын үй мәселесін шешу, біржолғы әлеуметтік көмек көрсету, жұмысқа

орналастыру, атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін тағайындауға жәрдемдесу, құжаттарды рәсімдеу және мүгедектікті белгілеуге қолдау көрсету шаралары бар. Әлеуметтік қорғау саласының мамандары отбасына тек бір реттік көмек көрсетумен шектелмей, оның ұзақ мерзімді тұрақтылығына басымдық береді.

– Әлеуметтік қолдаудың негізгі мақсаты – отбасының тұрақты та-

бысқа жетуіне жағдай жасау. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылармен жеке жұмыс жүргізіледі. Еңбекке қабілетті отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыруға, кәсіптік оқуға, қайта даярлауға және жұмыспен қамту шараларына қатысуына мүмкіндік беріледі. Азаматтарға өз кәсібін бастауға немесе дамытуға да қолдау көрсетіледі. Негізгі бағыт – отбасын әлеуметтік көмекке тәуелді етпей, оның тұрақты табысын арттыру және өз-өзін қамтамасыз ету деңгейіне жеткізу. Әлеуметтік қолдаудың маңызды тетіктерінің бірі – атаулы әлеуметтік көмек. Облыста 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 787 отбасының 3 618 мүшесіне 342,3 млн теңге көлемінде АӨК төленген. Оның орташа мөлшері 11 827 теңгені құрады, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы әлеуметтік нормативтер және әлеуметтік көмек бөлімінің басшысы Айгерім Бекішова.

Ал, аймақтағы аз қамтылған азаматтар мен көпбалалы отбасыларға әлеуметтік жағдайы мен табыс деңгейіне қарай түрлі қолдау шаралары көрсетіледі. Бұған тұрғын үй көмегі, жергілікті бюджет есебінен берілетін әлеуметтік көмек және балаларға арналған қосымша төлемдер жатады. Мәселен, АӨК алатын отбасылардағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың әрқайсысына ай сайын 6 488 теңге көлемінде қосымша төлем қарастырылған. Әлеуметтік қолдау қиындықты уақытша жеңілдетумен қатар, отбасының өз аяғына тұруына мүмкіндік беруге бағытталған. Осы мақсатта еңбекке қабілетті азаматтарды жұмыспен қамту, кәсіби оқыту, қайта даярлау



және кәсіп бастауға жағдай жасау шаралары қолға алынған.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылардың мәселелері де назардан тыс қалмайды. Олардың негізгі проблемалары қатарында тұрғын үйдің болмауы, несиелік қарыздардың көп болуы, жұмысқа орналасу қажеттілігі және материалдық көмекке мұқтаждық бар. Бұл ретте «Қарызыз қоғам» республикалық және «Қайта бастау» өңірлік жобалары аясында азаматтарға қаржылық және құқықтық кеңес беріліп, кредиттерді қайта құрылымдау, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және соттан тыс банкроттық рәсімдерін қолдану бойынша көмек көрсетіледі.

Отбасының берекесін сақтау әлеуметтік қолдаумен қатар, оның ішкі ахуалына да байланысты. Қарағанды қаласындағы Отбасына көмек көрсету бірінғай орталығына жыл басынан бері 1 246 азамат жүгінген. Олардың арасында отбасылық жанжал, тұрмыстық зорлық-зомбылық, құқықтық және әлеуметтік мәселелермен қатар, психологиялық қолдауды қажет ететін адамдар бар.

3-бет

Тарихы терең, тағылымы мол

Қарағандының тарихы «Индустриальная Караганда» газетінің жылнамасымен тығыз байланысты. Тоқсан бес жыл бойы басылым өңірдегі маңызды оқиғаларды оқырманға жеткізіп келеді. Газет беттерінде өндіріс пен еңбек адамдарының жетістігі кенінен көрініс тапты. Қоғам өміріндегі өзекті мәселелер де назардан тыс қалған жоқ. Бүгінде 95 жылдық тарихы бар басылым мерейілі белесін атап өтуде.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыған орай «Saryarqa Aqparat» медиахолдингіде салтанатты жиын өтті. Редакция ұжымына ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Аймағамбетов арнайы келіп, облыс әкімі атынан газет ұжымын 95 жылдық мерейтойымен құттықтады. Құттықтау барысында басылымның ұзақ жылдар бойы қалыптасқан дәстүрі мен өңірдің ақпарат кеңістігіндегі орнына назар аударылды. Редакция ұжымы



на шығармашылық табыс, кәсіби ізденіс және жаңа жетістіктер тілегі айтылды. Бірқатар қызметкерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Медиахолдинг басшысы

Қайрат Әбілда да газет ұжымының шығармашылық әлеуетіне жоғары баға беріп, өз ісін майталмандарын марапаттады.

1931 жылдан бері жарық көріп

келе жатқан «Индустриальная Караганда» газеті Қарағанды өңірінің қоғамдық өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Басылымның сарғайған беттерінен аймақтың



кешегі келбетін көруге болады. Қарағандының өндірістік қуатының артуы, жаңа кәсіпорындардың бой көтеруі, шахтерлер мен металлургтердің еңбегі, қалалар мен елді мекендердің дамуы газет тарихында өз көрінісін тапты.

Басылымның 95 жылдық тарихы бірнеше буын журналистің шығармашылық жолымен сабақтас. Әр кезеңде редакцияда еңбек еткен қаламгерлер өз қолтаңбасын қалдырды. Аға буын журналистер қалыптастырған кәсіби дәстүр кейінгі әріптестеріне жол көрсетті. Уақыт өте, ақпарат тарату тәсілдері де өзгерді. Кеше ғана газет жаңалығын оқырман баспа бетінен күтсе, бүгінде ақпаратты цифрлық платформалардан жедел алады. Соған қарамастан мерзімді басылымның қоғамдағы орны сақталып келеді.

Сандық жүйе сапаны арттырады

Денсаулық – қоғам әл-ауқатын айқындайтын басты көрсеткіштің бірі. Сондықтан, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, білікті мамандар тарту және ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту – уақыт талабы. Осы бағыттағы жұмыстардың барысына Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Манас Рамазанов өңірге жұмыс сапарымен келіп, денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі өзгерістер мен алдағы міндеттерге тоқталды.



Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін бағалаудағы негізгі ұлттық көрсеткіштің бірі – өмір сүру ұзақтығы. 2025 жылы елімізде бұл көрсеткіш 75,97 жасқа жетіп, тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары деңгейге көтерілді. Қарағанды облысында да оң динамика бар. Өңір бойынша күтілетін өмір сүру ұзақтығы 74,49 жасты құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 0,52 жылға жоғары. Алайда, статистикадағы өсіммен қатар, тұрғын үшін медициналық көмектің күнделікті өмірдегі қолжетімділігі де маңызды. Әсіресе, емханадағы кезек, дәрігер қабылдауын күту және қажетті маманға дер кезінде жазылу мәселелері көпшілікті алаңдатады.

Осыған байланысты алғашқы медициналық-санитариялық көмекті жетілдіру бағытында бірқатар өзгеріс енгізілген.

– Бастапқы медициналық-санитариялық көмектің қолжетімділігін арттыру – басты міндеттің бірі. Осы мақсатта жалпы практика дәрігерлерінің қабылдау уақыты 4 сағаттан 6 сағатқа дейін ұзартылды. Дәрігердің күнделікті атқаратын бірқатар функциясы мейіргерлерге беріліп, дербес мейіргерлік қабылдау енгізілді, – деді Манас Ембергенұлы.

Дәрігерге онлайн жазылу жүйесінің енгізілуі де осы бағыттағы өзгерістердің бірі. Ресми мәліметке сүйенсек, жалпы практика дәрігерлерінің қолжетімділігі 3,5 есеге, бейінді мамандардың қолжетімділігі 15 есеге артқан. Пациенттің медициналық ұйым ішіндегі маршруты да оңтайландырылып, дәрігер қабылдауын күту мерзімі екі аптадан 2-3 күнге дейін қысқарған.

2025 жылдан бастап скринингтің бағдарламалар кеңейтіліп, максатты топтың жасы 70-тен 76 жасқа дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, 50-76 жас аралығындағы ер адамдар үшін инсулытін даму қаупін ерте анықтайтын скрининг енгізілді. Ол екі жылда бір рет жүргізіледі. Онкологиялық скринингтің барлық кезеңінің МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінен) пен ТМҚКК (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) пакетіне ауыстырылуы да халық үшін маңызды жаналық болды.

Денсаулық сақтау саласына цифрлық технологиялар да еніп келеді. Соның бірі – дәрігердің жазбаларын автоматты түрде жүргізуге мүмкіндік беретін ALIMA жасанды интеллект жүйесі. Қазірдің өзінде оған алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарының 9 мың дәрігері қосылған. Бұл, бір жағынан, медицина қызметкерінің қағазбастылығын азайтса, екінші жағынан, дәрігердің пациентке көбірек

уақыт бөлуіне мүмкіндік береді.

Медицинаның тағы бір өзекті мәселесі – мамандандырылған көмектің қолжетімділігі. Әсіресе, жоспарлы ем қабылдау үшін кезек күту тұрғындардың уақытын алып, аурудың асқинуына әсер етуі мүмкін. Осы мәселені шешу үшін республика көлемінде облыстық көпбейінді ауруханалар мен перинаталдық орталықтарды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бағдарлама аясында 34 облыстық көпбейінді аурухана мен 19 облыстық перинаталдық орталықты реновациялау көзделген. Облыстық ауруханаларда бұрын жабылған терапиялық бөлімшелер де қайта ашылууда. Екі жыл ішінде 787 төсек-орынға арналған 49 бөлімше ашу жоспарланған. Оның 10-ы – пульмонология, ревматология және гематология бағыттары бойынша – қазірдің өзінде іске қосылды.

– Бұл жоспарлы ауруханаға жатуға күту мерзімін 30 күннен 20 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді, – деді вице-министр.

Сонымен қатар, республикалық деңгейде ревматология, нефрология, респираторлық медицина және гастроэнтерология бағыты бойынша төрт үшіншілік деңгейдегі орталық құрылды.

– Сапалы медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту қажет. Осы мақсатта 2026 жылға Қарағанды облысына медициналық аппараттар сатып алуға 2 млрд 570 млн теңге бөлінді. Жаңа жабдықтар облыстық көпбейінді балалар ауруханасына, облыстық клиникалық ауруханаға, Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханаға, Қан орталығына және Теміртау қалалық көпбейінді ауруханасына беріледі. Онкологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды да заманауи техникамен қамтамасыз ету көзделген. Оның ішінде ангиограф, маммограф, сәулелік терапияға арналған аппараттар және эндоскопиялық скрининг жүргізуге қажетті медициналық жабдықтар бар. Сонымен қатар, екі қалалық аурухана мен кардиологиялық орталыққа ангиограф, ультрадыбыстық зерттеу аппараттары, наркоз және тыныс алу аппараттары, рентген құрылғылары, сондай-ақ, ота жасауға қажетті медициналық техника сатып алынады, – деді вице-министр.

Денсаулық сақтау жүйесі туралы сөз болғанда дәрі-дәрмек мәселесін айналып өту мүмкін емес. Әсіресе, созылмалы ауруы бар азаматтар үшін тегін немесе жеңілдетілген дәрінің қолжетімді болуы аса маңызды. Осы мақсатта амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізбесі қайта қаралып, оңтайландырылды. Өлім-жітім мен өмір сүру ұзақтығына айтарлықтай әсер етпейтін 32 нозология тізімнен шығарылса, оның орнына 7 инновациялық зама-

науи дәрілік зат енгізілді.

Баға белгілеу жүйесіндегі өзгерістер де өз нәтижесін берген. ТМҚКК мен МӘМС шеңберіндегі дәрілердің шекті бағасы орта есеппен 15 пайызға, ал, көтерме және бөлшек саудадағы бағалар 26 пайызға төмендеген.

Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша азаматтарға тәулік бойы жұмыс істейтін 1439 жедел желісі қызмет көрсетеді.

Электрондық рецепт жүйесі дәрігер мен пациент арасындағы процесті жеңілдетіп отыр. 2024 жылғы қыркүйектен бастап, «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы электрондық рецепттер рәсімделуде. Бүгінде 708 медициналық ұйымда 11 миллионнан астам рецепт жазылған. Соның нәтижесінде рецепт рәсімдеуге кететін уақыт екі есеге қысқарған.

Саладағы өзгерістердің нәтижелі болуы, ең алдымен, медициналық кадрларға байланысты. Білікті дәрігер жетіспесе, заманауи құрал-жабдық пен жаңа технологияның өзі күткен нәтижені бере алмайды.

Сондықтан, мамандар даярлау мен оларды өңірлерге тартуға ерекше мән беріліп отыр. Мемлекет жыл сайын медициналық мамандар даярлауға 5 685 білім беру грантын бөледі. 2025 жылы Қарағанды облысына резидентураның 26 мамандығы бойынша 100 грант бөлінген. Сұранысқа ие алты бағыт бойынша интернатурада мамандар даярлау қайта қолға алынды. Олар – хирургия, терапия, акушерия-гинекология, жалпы дәрігерлік практика, педиатрия және балалар хирургиясы. Өткен жылы өңірлерге 2 200-ден астам жас маман жіберіліп, медициналық жоғары оқу орындары түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 88 пайызға жетті. Қарағанды облысында 136 маман жұмысқа орналасты.

Жас дәрігерді өңірде ұстап қалу үшін әлеуметтік қолдау шаралары да қарастырылған. Оның ішінде, 8,5 млн теңгеге дейінгі біржолғы төлемдер, тұрғын үй алуға арналған жеңілдетілген кредиттер бар. 2025 жылы республика бойынша мұндай қолдауға 1 760 дәрігер ие болды. Бұл дәрігер тапшылығын 19 пайызға, ауылдық жерлердегі тапшылықты 16 пайызға азайтуға мүмкіндік берген. Қарағанды облысында 93 дәрігер әлеуметтік қолдау алған. Оның 37-сі ауылдық жерлерге жұмысқа барған. Бұдан бөлек, 61 медицина қызметкері тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

2026 жылғы 1 қантардан бастап жедел медициналық жәрдем, инфекциялық және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарына 30 пайызға дейін қосымша ақы енгізілді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ДЕНСАУЛЫҚ

Кен барлау ісіндегі кемел жоба

Облыста геологиялық барлау саласының мүмкіндігін арттыратын жаңа заманауи нысан іске қосылды. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы аумағында «ЖанаLAB» зертханалық-талдау кешені жұмысын бастады. Жобаның құны шамамен 9 млрд теңгені құрайды. Жаңа кешен жылына 200 мыңға дейін геологиялық сынаманы өңдеуге мүмкіндік береді.



АЙТЫЛДЫ –
ОРЫНДАЛДЫ



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заманауи зертхана Солтүстік Балқаш өңіріндегі геологиялық барлау жобалары үшін маңызды инфрақұрылымдық нысанға айналмақ. Мұнда кеннің геологиялық сынамалары мен керндік материалдары дайындалып, зерттеледі. Сынаманы дайындаудан бастап, талдау жүргізу және алынған нәтижелерді кәсіби тұрғыда интерпретациялауға дейінгі толық зерттеу циклі бір жерде жүзеге асырылады. Жобаны Solidcore Resources компаниясы жүзеге асырған. Кешеннің Қарағандыда орналасуы да кездейсоқ емес. Өңірдің Қазақстанның орталық бөлігінде орналасуы, көлік-логистикалық инфрақұрылымының дамуы, компанияның негізгі геологиялық барлау жобаларына жақындығы және кадрлық әлеуеті ескерілген.

Жаңа өндірістік нысанның әлеуметтік-экономикалық маңызы да зор. Зертханада шамамен 150 тұрақты жұмыс орынын құру жоспарланған. Қазірдің өзінде мұнда 115 адам еңбек етіп жатыр. Бұл ретте жоба жаңа жұмыс орындарымен қатар, заманауи технологияларды меңгерген мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа кешеннің өңірдің технологиялық инфрақұрылымындағы маңызына тоқталды.

– Мұнда геологиялық сынамалар мен керндік материалдарды дайындаудан бастап, талдау жұмыстарын жүргізу және алынған нәтижелерді кәсіби тұрғыда интерпретациялауға дейінгі толық зерттеу циклі қалыптастырылған. Бұл жай ғана заманауи жабдық емес, әр кезеңде сапалы нәтиже алуға мүмкіндік беретін тұтас технологиялық тізбек. Сонымен қатар, зертхана жаңа жұмыс орындарын ашып, мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Өңірге салынған инвестициялар жаңа өндірістерді іске қосып қана қоймай, экономиканың одан әрі дамуына да ықпал етуі маңызды, – деді өңір басшысы.

Зертханада пайдалы қазбалардың элементтік құрамы мен сипаттамалары анықталып, спектрлік, химиялық және физикалық талдаулар жүргізіледі. Кешен АҚШ, Германия, Аустралия және басқа да елдердің жетекші өндірушілері шығарған

жоғары дәлдіктегі жабдықтармен жарақтандырылған. Компания басшылығының айтуынша, жаңа зертхана геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттырып, кен орындарын бағалау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Solidcore Resources компаниясының бас атқарушы директоры Виталий Несис геологиялық зертхананың іске қосылуын компанияның стратегиялық инвестициясы деп атады. Бұл Қазақстандағы алғашқы геологиялық зертхананың іске қосылуын компанияның стратегиялық инвестициясы деп атады. Бұл Қазақстандағы алғашқы геологиялық зертхананың іске қосылуын компанияның стратегиялық инвестициясы деп атады. Бұл Қазақстандағы алғашқы геологиялық зертхананың іске қосылуын компанияның стратегиялық инвестициясы деп атады.

– Зертхананың арқасында кен денелерін бағалау дәлдігін арттырып, тау-кен жұмыстарын жоспарлау тиімділігін жақсартамыз. Сынамаларды іріктеуден бастап қорларды растауға дейінгі барлық кезеңде геологиялық барлау деректерінің сапасын бақылауды күшейтіп, талдау мерзімдерін қысқартамыз. Зертхананың стратегиялық маңызы тек компаниямыз бен Қарағанды облысы үшін ғана емес, тұтастай ел үшін де айрықша, – деп атап өтті Виталий Несис.

Жоба Мемлекет басшысының отандық өнеркәсіптің алдына қойып отырған ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына толық сәйкес келеді. Кешен минералдық-шикізат базасы нысандарын жедел игеріп, пайдалануға беруге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл жоба компаниямызға және жалпы тау-кен өндіру саласына шикізатты Қазақстан аумағында барынша терең өңдеу деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта «ЖанаLAB» зертханасы ГОСТ ISO/IEC 17025 талаптарына сәйкестігін растауды және ILAC MRA шеңберінде аккредиттеуден өтуді жоспарлап отыр. Бұл зертханада жүргізілген сынақтардың нәтижелерін халықаралық деңгейде мойындауға жол ашады.

Қарағандыда іске қосылған жаңа кешен тек геологиялық сынамаларды зерттейтін зертхана емес, өңірдің тау-кен өндірісі мен геологиялық барлау саласын жаңа технологиялық деңгейге көтеруге бағытталған маңызды жоба болмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қоғамға саналы ұрпақ қажет

Заң мен тәртіп – әр азаматтың қауіпсіздігінің негізі. Бұл қағиданы жас буынның санасына сіңіру құқық бұзушылықтың алдын алудан басталады. Осы бағытта Қарағанды көлік-технологиялық колледжінде жастардың құқықтық сауатын арттыруға арналған интерактивті сессия өтті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесудің негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауатын арттырып, құқық бұзушылықтың алдын алу және заң талаптарын сақтауға деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Сессия барысында жасөспірімдерге құқықтық жауапкершіліктің түрлері, заң бұзушылықтың салдары және өз әрекетіне жауап берудің маңызы түсіндірілді. Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасы бөлімінің прокуроры Гүлсара Керімжанова көмелетке толмағандардың

заң алдындағы жауапкершілігіне тоқталып, құқық бұзушылықтың алдын алуда құқықтық сауаттың рөліне назар аударды.

– «Заң мен тәртіп» қағидаты ең алдымен әр адамның өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауынан басталады. Жастар заң талаптарын жақсы білуі керек. Өйткені, құқық бұзушылықтың салдары олардың болашағына әсер етуі мүмкін. Сондықтан, біздің мақсатымыз – құқық бұзушылықтың алдын алып, заңды құрметтеуге, өз құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелеу. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауатын арттырып, кез келген шешімді ойланап қабылдаудың маңызын түсінуге мүмкіндік береді, – деді Гүлсара Керімжанова.

Қарағанды облысы Әділет департаментінің Қарағанды қаласы бойынша мәжбүрлеп орындау бөлімінің басшысы Гүлфайруз Саттықбаева жастардың құқықтары мен міндеттері туралы айтып, құқыққа қайшы әрекеттердің салдарын нақты мысалдар арқылы түсіндірді.

– Бүгінгі интерактивті сессиямыздың негізгі тақырыбы – «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жасөспірімдерді құқық бұзушылықтан аулақ ұстау. Бұл – Мемлекет басшысы көтеріп отырған маңызды бағыттардың бірі. Бүгінгі кездесуге прокуратура мен полиция өкілдерінің қатысуы да өте орынды. Жасөспірімдерге заң мен тәртіптің не екенін, қоғамда және күнделікті өмірде өзін қалай дұрыс ұстау керектігін түсіндіру – біздің басты міндетіміз. Заң мен тәртіп тек полиция қызметкері бақылап тұрған кезде ғана сақталмауы керек. Ол әр адамның ішкі мәдениеті мен жауапкершілігінен басталады. «Заң мен тәртіп кімнен басталады?» де-

ген сұраққа жауап берсек, ол – ең алдымен өзімізден басталады. Әр адам қоғамдық орында өзін дұрыс ұстап, өзгенің құқығын құрметтеп, жасаған әрекетінің салдарын түсіне білуі қажет. Президенттің осы идеологиясын түрлі мекемелерде, әсіресе жастар арасында жүйелі түрде түсіндіріп, насихаттай берсек, заңды құрметтейтін, тәртіпті сақтайтын саналы ұрпақ қалыптастырамыз. Саналы ұрпақ – іргетасы берік мемлекеттің негізі, – деді Гүлфайруз Саттықбаева.

Кездесуде есірткі қылмыстарының алдын алу мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. Қарағанды облысы Полиция департаменті Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Бахытжан Мустафев жастардың құқық бұзушылыққа және есірткі қылмыстарына тартылуының алдын алу жолдары жөнінде ақпарат берді.

Интерактивті форматта өткен сессия барысында студенттер де белсенділік танытты.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

Олар түрлі өмірлік жағдаяттарды талдап, өз пікірлерін ортаға салды. Қатысушылар мамандарға көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, заң талаптарын бұзудың ықтимал салдарын талқылады. Мұндай формат құқықтық ақпаратты жай тыңдап қана қоймай, оны нақты жағдайлар арқылы түсінуге мүмкіндік берді.

Құқықтық тәрбие – құқық бұзушылық орын алғаннан кейін емес, оның алдын алудан басталады. Жастардың заңды білуі, өз құқығын қорғай алуы және әр әрекетінің салдарын түсінуге – қоғамдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызды негізі. Шара соңында қатысушыларға «Заң мен тәртіп» қағидалық ұстанудың маңызы тағы бір мәрте түсіндіріліп, жауапты мінез-құлық пен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

ҚАРАҒАНДЫ

Болашақ бесіктен басталады

Перзентті дүниеге әкелу үлкен жауапкершіліктен бастауы болса, оның дені сау, тәрбиелі, білімді азамат болып қалыптасуына жағдай жасау – әр ата-ананың міндеті. Баланың салауатты өмір салты да, алдымен отбасындағы әдеттен қалыптасады. Уақытылы екпе алу, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу, спортпен шұғылдану, дәрігерге қаралу – қарапайым көрінгенімен, баланың болашағына тікелей әсер ететін маңызды қадамдар.



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баланың өмірге келген алғашқы күндерінен бастап, оның денсаулығын қорғау мәселесі назарда болады. Соның бір дәлелі – профилактикалық вакцинация. Елімізде балаларға екпе ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес кезең-кезеңімен салынады.

Дерекке сүйенсек, нәресте өмірінің алғашқы күндерінде В вирустық гепатитіне және туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасы егіледі. Кейін бала көкжөтел, дифтерия, сіреспе, полиомиелит, b типті гемофильді инфекция, пневмококк инфекциясы сияқты ауруларға қарсы жоспарлы вакцинациядан өтеді. Бір жастан кейін қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы вакцинация жүргізіледі. Мектеп жасында да бірқатар инфекцияларға қарсы ревакцинация қарастырылған. Ал, ата-ананың міндеті – осы екпелердің уақытын өткізіп алмау.

– Жеті баламыз бар. Барлығына да екпені уақытылы алуға тырысамын. Шақырғанда барып, аламыз. Барынша қалдырмаймыз, – дейді көпбалалы ана Тұмарай Айтұғанова.

Профилактиканың ең тиімді жолының бірі – аурудың алдын алу. Дәрігерлер де ата-аналарды

Дерекке сүйенсек, нәресте өмірінің алғашқы күндерінде В вирустық гепатитіне және туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасы егіледі. Кейін бала көкжөтел, дифтерия, сіреспе, полиомиелит, b типті гемофильді инфекция, пневмококк инфекциясы сияқты ауруларға қарсы жоспарлы вакцинациядан өтеді. Бір жастан кейін қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы вакцинация жүргізіледі. Мектеп жасында да бірқатар инфекцияларға қарсы ревакцинация қарастырылған. Ал, ата-ананың міндеті – осы екпелердің уақытын өткізіп алмау.

екпе күнтізбесін сақтауға шақырады.

– Мұның барлығы баланың денсаулығы үшін қажет. Туғаннан бастап, бала ағзасы түрлі жұқпалы ауруларға шалдықпау үшін екпені уақытылы алу маңызды. Дәрігерлер белгіленген уақыт бойынша тұрғылықты мекенжайы бойынша екпеге шақырады. Сол кезде барып, уақытылы салғызып отырса, бала денсаулығын қорғауға мүмкіндік мол, – дейді Қарағанды қаласындағы №3 емхана қызметкері Айжамал Қанатқызы.

Қазақ «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Бұл сөз профилактиканың мәнін дәл жеткізеді. Баланың денсаулығына қатысты мәселеде де алдын ала қамдану, мамандардың кеңесін тыңдау, қажетті тексеруден уақытылы өту маңызды.

Айта кетерлігі, ата-ана баласына жасалатын әр медициналық шараның мақсатын дәрігерден сұрап, қажетті ақпаратты мамандардан алғаны дұрыс.

Бала денсаулығын сақтау медициналық профилактикамен шектелмейді. Қозғалыс азайып, гаджетке тәлмірген заманда баланы спортқа баулу бұрынғыдан да маңызды.

«Он екі мүшең сау болса – қара басыңның дәулеті» деген қанатты сөз бар. Шын мәнінде, денсаулық – адамға берілген ең үлкен байлық. Ал, сол байлықты сақтаудың бір жолы – дене белсенділігі. Бүгінде ата-аналар да мұны жақсы түсінеді. Тұмарай Айтұғанованың отбасында балалардың спортқа қызығушылығы жастайынан қалыптасқан.

– Үлкен екі ұлымызды 4-5



13 ҚЫРКҮЙЕК –
ОТБАСЫ КҮНІ

жасынан жүзуге бердік. Кейін спорттық акробатикаға апардык. Одан соң футболға, аралас жекпе-жекке барды. Қазір үлкен ұлым боксқа қатысады. Әжептәуір жетістіктері де бар. Қызымыз биге барады. Кіші ұлымызды акробатикаға беруді ойлап отырмыз. Осының барлығы баланың дұрыс өсіп-жетілуі үшін, – дейді ол.

Шындығында, мұның ар жағында баланың мінезін қалыптастыратын үлкен тәрбие жатыр. Спорт балаға тәртіпті, табандылықты, жеңілісті қабылдауды, жеңіске жеткенде төкмейісіменуді үйретеді. Командамен жұмыс істеуге, өзіне талап қоя білуге баулиды.

Соңғы жылдары елдімекендерде бұқаралық спортты дамытуға, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін инфрақұрылым қалыптасып келеді. Облыс орталықтарындағы аулаларда спорт және балалар ойын алаңдары бой көтерсе, аудан орталықтары мен ауылдарда спорттық-сауықтыру кешендері ашылуда. Балалар түрлі секцияларға қатысып, қабілетін шыңдауға мүмкіндік алып отыр.

Қазір әлемдік додаларда ел намысын қорғап жүрген талай спортшының үлкен спорттағы жолы осындай қарапайым аулдан, балалар мен жасөспірімдерге арналған секциядан басталғаны белгілі. Демек, бұқаралық спорт – үлкен спорттың іргетасы.

«Бала тәрбиесі – бесіктен» деген сөз осындайда ойға оралады. Спортқа қызығушылық та, дұрыс тамақтану мәдениеті де, денсаулығына жауапкершілікпен қарау да бала бойына ерте сіңсе, ол кейін өмір салтына айналады.

Ал, темекі, алкоголь, басқа да денсаулыққа зиян келтіретін әдеттерден баланы қорғау үшін пайдалы орта, дұрыс бағыт, спорт, қызығушылық пен отбасылық қолдау қажет.

Елдің болашағы бүгін бесікте жатқан сәбиден, мектепке асыққан баладан, спорт алаңында жаттығып жүрген жасөспірімнен басталады. Сондықтан, дені сау ұрпақ тәрбиелеу – бүгін атқарылуы тиіс нақты жұмыс.

Өйткені, дені сау бала – бақытты отбасының қуанышы әрі қуатты мемлекеттің тірегі.

• ФОТОХАБАР

Өнеге өрісі

Теміртау қаласында тұратын Мұсалардың отбасы – елге үлгі боларлықтай, бірлігі мен берекесі жарасқан шаңырақтың бірі. Отау құрғандарына 24 жыл толған Бақытхан мен Гүлбаршын бүгінде алтындай екі қыз, екі ұл тәрбиелеп отыр.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отағасы Бақытхан «Қазақмыс» АҚ реттеушісі болып, абыройлы еңбек етіп жүрсе, жұбайы Гүлбаршын №17 жалпы білім беретін мектептің мұғалімдік қызметінде жас ұрпақтың оқу-тәрбие жұмысымен айналысады.

Олардың балалары да түрлі мектепшілік және қалалық байқауларға, спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар

шығармашылық және зияткерлік сайыстарда жетістіктері бар.

Отбасы мүшелері қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, еңбекқорлықты, білімді және бірлікті басты құндылық ретінде ұстанады. Соның нәтижесінде осы өнегелі отбасы биыл қалалық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы болып, оның облыстық кезеңіне жолдама алған.

ТЕМІРТАУ

Сурет отбасының жеке мұрағатынан

Отбасын қолдау – Отанды қорғау

(Соңы. Басы 1-бетте)

Орталық мамандары отбасы мүшелеріне психолог, заңгер, медиатор көмегін ұсынады. Қажет болған жағдайда дағдарыс орталығына орналастыру мәселесі де қарастырылады. Биыл 50 адам дағдарыс орталықтарына орналастырылып, 298 азаматқа құқықтық көмек көрсетілген, 28 адам медиатордың көмегіне жүгінген. Сонымен қатар, 20 адам жұмыспен қамтылған. Бұл көрсеткіштердің артында нақты адамдардың тағдыры тұр. Отбасындағы жанжалды дер кезінде тоқтату, зорлық-зомбылықтың алдын алу және қиындықты мамандардың көмегімен шешу – отбасының тұтастығын сақтаудың маңызды тетігі.

Отбасының беріктігі тек материалдық жағдаймен өлшенбейді. Кейде қаржылық қиындық, жұмыссыздық немесе әлеуметтік түйткіл отбасындағы түсініспе-

ушілікті күшейтіп, жанжалдың туындауына да әсер етеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік қорғау қызметі мен құқық қорғау органдарының ортақ мақсаты – мәселені ушықтырмай, отбасыға дер кезінде кешенді қолдау көрсету.

– Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуда ең маңыздысы – мәселені жасырмай, дер кезінде көмекке жүгіну. Кей жағдайда жанжалдың ушығуына тұрмыстық қиындықтар, қаржылық мәселелер немесе отбасы мүшелерінің бір-бірін түсінебеуі себеп болуы мүмкін. Азаматтарға өз мәселесін жалғыз шешуге тырыспай, психолог, заңгер және басқа да мамандардың көмегіне жүгінуге кеңес береміз. Отбасындағы қауіпсіздік пен өзара құрмет – берекелі шаңырақтың негізгі негізі, – деді облыстық полиция департаментінің Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Айзада Досмағамбетова.

• ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Баланың өз әлемі бар

Бала тәрбиесі туралы сөз болса, әдетте, «Қазіргі балалар өзгеріп кетті» деген сөзді жиі естиміз. Үлкендер баланың телефонға тәуелді болғанын, үлкеннің сөзін тыңдамайтынын, кітап оқуға қызықпайтынын, мінезінің тұйық немесе тым еркін болып кеткенін айтады. Бірақ, осы тұста «Балалар ғана өзгерді ме, әлде оларды тәрбиелейтін орта да өзгерді ме?» деген сауалды өзімізге қоймайды екенбіз. Өйткені, оның алдында ақпараттың шексіз кеңістігі ашық. Ол ата-анасынан ғана емес, әлеуметтік желіден, блогерден, түрлі цифрлық платформа-лардан, қатарластарынан және экран арқылы көрген әлемінен «тәлім» алуа. Осындай кезеңде ата-ананың жауапкершілігі бұрынғыдан да күрделене түсті...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы тұста «саналы ата-ана» ұғымының маңызы арта түседі. Психология саласында 30 жылға жуық еңбек өтілі бар маман, Қарағандыдағы №4 арнайы мектеп-интернатының психологы Қымбат Төленті «Саналы ата-ана – баласының барлық сұранысына шектеусіз рұқсат беретін ата-ана емес» дейді. Маманның пікірінше, саналы ата-ана баласына мейірім мен қолдауды сақтай отырып, қажет жерде шекара қоя біледі. Талап қоя отырып, баланың жеке тұлғасын, қадір-қасиеті мен таңдау құқығын құрметтейтінін айтады.

– Ата-анаға «Баланы жақсы көріңіз», «Оған дауыс көтермеңіз» деп айту жеткіліксіз. Бала тыңдамағанда не істеу керек? Ата-ана ашуға берілген сәтте баламен қалай сөйлескені дұрыс. Шекараны қалай белгілеу керек? Баламен өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты қалай қалыптастыруға болады? Ата-аналарға осындай нақты сұрақтардың жауабы қажет. Сондықтан, мен «Саналы ата-ана» курсын өткізуді ұсынар едім. Бұл дәріс тәжірибеге негізделген форматта ұйымдастырылуы керек. Атап айтқанда, психологпен ашық әңгіме, нақты өмірлік жағдайларды

талдау, сұрақ-жауап, баланың жас ерекшеліктеріне қатысты маңызды ақпарат және практикалық жаттығулар қамтылса, ата-ана үшін әлдеқайда пайдалы болар еді. Тағы бір маңызды бағыт – ата-ананың өзін тәрбиелеуі. Себебі, бала біздің айтқанымызды емес, күнделікті әрекетімізді де қайталайды. Сондықтан, бала тәрбиесі, ең алдымен, ата-ананың өзінен басталуы керек, – деді Қымбат Қосманқызы.

Бүгін баланың қолындағы смартфонды тартып алу – мәселенің шешімі емес. Өйткені, телефонды алып қоюға болады. Алайда, цифрлық әлемді баланың өмірінен алып тастау мүмкін емес. Сондықтан, сала мамандары ата-анаға тыйым салудан бұрын түсіндіру мәдениетін қалыптастыру қажеттігін алға тартты.

– Қазіргі балалар қандай? Бұл сұраққа жауап бергенде «Қазіргі балалар мүлдем өзгеріп кетті» деп кесіп айтпаса едім. Баланың табиғаты өзгерген жоқ. Бірақ, оның өсіп келе жатқан ортасы өзгерді. Бүгінгі бала ақпараттың қалың ортасында өсіп келеді. Телефон, интернет, әлеуметтік желілер, тағысын тағы. Осы тұрғыда ата-ананың цифрлық және шынайы өмірі арасында дұрыс тепе-теңдік қалыптастыру қажет. Тәжірибеге сүйенсек, біз кейде баланың



Балаға сабырлы болуды үйреткіміз келсе, алдымен өзіміз сабырлылықтың үлгісін көрсетуіміз керек. Өйткені, бала біздің сөзімізден ғана емес, күнделікті әрекетімізден де үйренеді.

Менің тәжірибемде бір нәрсе анық байқалды. Балаға мінез ата-ана қажет емес. Оған өзін түсінуге тырысатын ата-ана қажет. Біздің басты мақсатымыз – өзін бағалайтын, жауапкершілігі жоғары, эмоциясын басқара алатын және қиын жағдайда көмек сұраудан қорықпайтын тұлға қалыптастыру.

жылауын, қырсығуын немесе ашуын бірден тәртіпсіздік деп қабылдаймыз. Ал, шын мәнінде, баланың мінез-құлқына белгілі бір сигнал ретінде қарау маңызды. Сондықтан,

«Баланы қалай тоқтатамыз?» деген сұрақпен қатар, «Бала өзінің осы мінез-құлқы арқылы бізге не айтқысы келіп тұр?» деген сұрақты да қоя білуіміз керек, – деді психолог.

• ДӘСТҮР

«Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезең келді»

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұйымдастыруымен өткен «Той мәдениеті: дәстүр мен талғам» дөңгелек үстелінде қазақ тойының қарызы мен қадірі, асабаның әдебі, ұлттық өнердің орны, той нарығының жауапкершілігі және жас буынның таңдауы талқыланды. Бұл тақырып бұған дейін де талай рет көтерілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қоғамның тойға қатысты ұстанымын өзгерту қажеттігін айтқан. «Ана тілі» апталығында жарияланған «Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр» атты сұхбатында Президент: «Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әңдетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейінге жүру әдетінен арылу керек. Еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!», – деген болатын.

Одан бері де бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Ұлттық Құрылтайда қазіргі «Әділет» партиясы облыстық филиалының төрағасы, руханият жаныашыры, белгілі меценат Бекзат Алтынбеков қазақ тойындағы дарақылдық пен ысырапшылдық мәселесін көтерді. Қоғамдық ортада да айтылып жүр. Әлеуметтік желіде тойдағы жөнсіз әрекеттер мен шектен шыққан шығындар жиі талқыланады. Қарағандыда асабалармен де бұл тақырыпта бірнеше рет арнайы жиын өтті. Яғни, «Той мәдениеті: дәстүр мен талғам» дөңгелек үстелі – бұрыннан көтеріліп келе жатқан мәселені нақты ұсыныстар мен ортақ шешімге қарай жылжытуды көздеген жұмыстың жалғасы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарызға батырған қуаныш

Дөңгелек үстелде елдің көкейінде жүрген тойдағы дарақылдық пен ысырапшылдық мәселесіне қоса, Мемлекет басшысының айтқан сөзін спикерлер әрі қарай таратып, түйінін шешуге тырысты. Ғалым мен асаба, әлеуметтанушы мен тарихшы, дін қызметкері мен мейрамхана иесі, өнерпаз бен шоумен бір үстел басында отырғанда әңгіменің бір ғана арнаға тоғысуы мүмкін де емес еді. Пікірталастың құны да осында болды.

Шараның модераторы белгілі публицист, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабек әңгімені үш жедел сұрақпен ашты. «Несие алып той жасауға қалай қарайсыз?», «Қонақтың көптігі той иесінің беделін көтере ме?», «Қазіргі тойдан бір нәрсені алып тастау керек болса, нені атар едіңіз?». Сұрақ қысқа болғанымен, жауабы бір отырысқа емес, тұтас қоғамға жүк болатырлық еді.

«Балам үйленемін деп тұрса, неге той жасамасқа?» – деді Қарағанды облысы



Бекзат Алтынбеков

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекзат Алтынбеков алғашқы сауалға. Бұл сөзде қазақы көңілдің табиғи қуанышы бар. Ұл үйленіп, қыз ұзатылғанда ағайын жинап, ақ тілек есту – айып емес. Бірақ, әңгіме әр тойдың отбасының шама-шарқына сай келуінде еді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, өзі де талай жыл той тізгінін ұстаған Жансая Жарылғапов мәселенің жеке таңдау жағын алға шығарды.

– Бір отбасыға сырттан «той жаса» немесе «жасама» деп әмір айтуға ешкімнің моральдық та, этикалық та құқығы жоқ. Алайда, жеке таңдау сырт көздің қысымына, бедел бәсекесіне және қарызға тәуелді болған сәтте оның салдары жас отбасының ғана емес, қоғамның мәселесіне айналады, – деді ол.

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бану Абдрашева «әркім көрсесіне қарай көсілуі керек» деген қарапайым өлшемді еске салды. Несиені қиналмай өтеуге мүмкіндік бар болса, ол да – отбасының шешімі. Бірақ, құрғак намыс үшін, «жұрттан қалмайық» деп қарызға кіруді ақтауға болмайды.

Облыстық мәдениет пен өнерді дамыту орталығының көркемдік жетекшісі Сұлтан Тілеубек те «тойды қарызданбай, отбасының нақты мүмкіндігіне қарай өткізген абзал» деген пікір білдірді.

Ал, шоумен, жүргізуші Диас Қайрат бүгінгі жастардың басым бөлігі несиеге той жасауға қарсы екенін жеткізді. Оның байқауынша, «пәлшенің тойына барлық, түгенішенің қуанышына шашылдық, енді соларды шақырып, қарызымызды қайта-қайта» дейтін есеп көбіне ата-ананың ойынан шығады. Тойдың несиесі болса, кейін жас жұбайлардың мойнына ілінеді.

«Vogue» мейрамханасының иесі Данияр Қалымбетов мұның мейрамхана сыртынан байқада бермейтін екінші бетін көріп жүр. Дастарқан жиналып, музыка тоқтап, қонақ тараған соң, төлем жасарда сөзге келетін отбасылар бар. Бір күндік думанның береше-

гін жылдар бойы өтеу – қуаныштың дәмін қашырады. Оның айтуынша, кейде тойдан соңғы есептің өзі ағайын арасына сызат түсіреді. Сондықтан, «тойдың ақшасы той үстінде табылады» деген тәуекелді қаржы жоспары деуге болмайды.

Бұл жерде пікірталас тойды жоққа шығаруға емес, басымдықты дұрыс белгілеуге ойысты. Үйі жоқ жасқа – баспана, тұрақты табысы жоқ отбасыға – қаржылық көр, білімге немесе кәсіпке мұқтаж балаға – мүмкіндік әлдеқайда маңызды болуы мүмкін. Тойдың бір кештің сәні жас шаңырақтың бірнеше жылдық жағдайынан қымбат тұрмауға тиіс.

Қонақ саны жөніндегі сұрақ та осы ойды тереңдете түсті. Бір қатысушы той иесінің араласатын ортасы көп болса, қонақ санын шектеу күрделі болатынын айтты. Оның сыртында ағайын мен әріптесті түгел қамту табиғи фактор екенін қалай ұмытарсың? Жансая Жарылғапов қонақтың молдығы кейде әулеттің өсіп-өнуі мен адамның қоғамдық ортасына байланысты болатынын ескертті. Бану Абдрашева бүгін 300-500 адам жинауды міндет санаудың қажеті жоғын, 150-200 адамдық ықшам форматтың өзі қалыпты құбылысқа айналып келе жатқанын алға тартты. Диас Қайрат болса, ең жақын адамдардың ортасындағы шағын тойдың күл көретінін жасырмады.

Мәселе санның өзінде ғана емес. Төрт жүз адамның бәріне той иесі назар аударып үлгере ме? Қонақ кімнің қуанышына келгенін, жанында кім отырғанын сезе ме? Асаба әр үстелдің, әр буынның ыңғайын таба ала ма? Бір дастарқанда отырып, сол күнгі қуаныштан кейін той иесін жеті-сегіз жыл көрмейтін адамдардың көптігі шынымен бедел ме?

Осы сұрақтардан кейін залдағы әңгіменің ауаны «көп болса – жақсы» деген ескі өлшемнен «шақырған адамыңа лайық ықылас көрсете аласың ба?» деген жаңа өлшемге бұрылды.

«Ұят болады» деген сөз кімді қорғайды?

Қазақ тойының көрінбейтін ең үлкен шығыны – мәзір де, әнші де, безендіру де емес. Ол – «Ел не дейді?» деген елес.

Осы тұста қазақ тойындағы дарақылдық пен ысырапшылдықты мәселе қылып көтеріп, Көкшетауда өткен Ұлттық Құрылтай отырысында ел назарына ұсынған Бекзат Алтынбеков, Құрылтайда көтерген ұсыныстарын кеңінен толғап, қазіргі тойдағы мәдениетсіздік пен білімсіздікке, шектен шыққан ойындарға тоқталды.

– Шынымды айтайын, тойға көп барамын. Тойға тап-тамаша ел ағасы болып барып, үйге мазак болып қайтамын. Дана болып барып, бала болып қайтамын. Бұл – ізденбейтін, ақша қуған жас тамадасымақтардың шалалығынан. Не шешендігі жоқ, не жөні түзу ән айтпайды. Басым бөлігі фонограмма. Бітпейтін ырқыл-жырқыл, арзан күлкі, бос сөз, нәрі жоқ. Әсіресе, әзіл мен әжуаны айыра білмеу деген сұмдық қой. Бұрынғының асабалары тойда классикалық сатира жанрының озық үлгілерін оқитын. Бұлар екі сөздің басын қоса алмайды. Маскара. Орнымен әзілдесе білу – шеберлік, орынсыз қонақты әжуаға айналдыру – сауатсыздық, көргенсіздік. Тойдан шыққаннан кейін жүйең тозып, қан қысымың көтеріліп, ана тамадасымақ сотқа берің келіп тұрады. Жақсылары, сауаттылары да жоқ емес. Ерген деген нұралық асаба бар, мысалы. Ол басқарған тойда демаласын. Рахат. Үйге қайтқын келмейді. Осындай сауатты асабалар қатары көбейсе екен. Осы елдің ертеңіне алаңдайтын бір баласы ретінде көңілім толмайтыны, тіпті, кейбіріннің қылығына қарным ашатыны ақиқат, – деді Бекзат Қомарұлы.

Дөңгелек үстелде «ұят болады» тіркесі әлденеше рет айтылды. Біреуді шақырмасқа – ұят. Жүз адаммен ғана шағын той өткізсек – ұят. Атақты әнші әкелмесек – ұят. Баламыз шағын тойды қаласа да, ағайынға хабар бермесек – ұят.

Байқасақ, бір кезде адамның арын тежейтін ұғым бүгінде кейде қалтаны қинайтын қоғамдық тәтікке айналған.

Пікірталастың қызған бір тұсында «Біз-



де қазақта бір-ақ нәрсе бар: «Ұят болмасын, ұят болады» деген сөз шықты» деген пікір айтылды. Оған қарсы уәж де іле-шала айтылды. «Ұят болады» деген сөз тойдағы әдепісіз көрініске тыйым салуға емес, «ананы шақырмасан», «мына жұлдызды әкел-месең» деген талапқа көбірек жұмсалып жүрген жоқ па?

Мәселенің жүйкесі осы жерде бүлктетті. Ұят – адамды ысырапқа итермелейтін қамшы емес, біреуді қорламаудан, үлкенді сыйлаудан, қонақтың уақытын ұрламаудан, жас отбасының жағдайын ойлаудан көрінуге тиіс. Қарапайым тойдан ұялып, тұрпайы ойыннан ұялмасак, ұғымның мекенжайын ауыстырып алғанымыз ғой.

Бану Абдрашева әлеуметтік салыстырудың осы қысымын тарқатты. Адам өзінің қажетін емес, өзгенің көрінісін өлшем еткенде қуаныш жарысқа айналады. Әлеуметтік желі бұл бәсекені еселеп отыр. Жұрт тойдың толық шығынын, кейінгі қарызын, үй ішіндегі әбгерін көрмейді. Бірнеше минуттық жарқыраған бейнесін ғана көреді. Сөйтіп, біреудің монтаждалған сәні екінші отбасының шынайы өміріне талап болып оралады.

Үлкендер мен жастарға бөлек той өткізу жөнінде де екіұдай пікір туды. Бір спикер Ақмола жақта алдымен үлкендерге, ертеңінде жастарға той жасалғанын айтып, қарт кісілердің ертерек қайтуына, даңғаз музыкадан шаршамауына бұл формат қолайлы деген мысал келтірді. Екінші тарап бұған бірден қарсы шықты. Бала әкесінің ортасын, әулеттің үлкендерін танып өсуі керек. Той – ұрпақ сабақтастығын нығайтатын санаулы ортаның бірі. Үлкен мен жасты екі бөлек әлемге айналдырсақ, ұрпақ сабақтастығын қай жерде жалғаймыз?

Бұл тартыстың жауабы «міндетті түрде бірге» немесе «міндетті түрде бөлек» деген кесімді үкім емес. Негізгі өлшем – әр адамның жағдайы. Жасы келген қонаққа қолайлы уақыт, қатты дыбыстан алыс орын, мезгілінде басталатын ықшам бағдарлама қажет. Жастардың да өз музыкасы мен еркін әңгімесіне кеңістік болғаны дұрыс. Екі буынды ажыратпай-ақ, екеуінің де қадірін табатын сценарий құруға болады. Ол үшін тойдың уақытын түн ортасына дейін созбай, мазмұнын алдын ала ойластыру керек.

«Ал, тойға тамаданы, өнерпазды кім таңдап жүр?» деген мәселе де назардан тыс қалмады. Елге маскара болып, сауатсыздыққа ұрынып жатқан тойларда асабаны жастар таңдаған болып шығады. Бұрын үлкендер атқарған жауапты жұмыс бүгінде жастардың көңіл көтеретін алаңына айналып бара жатқаны өкінішті...



Жансая Жарылғапов

Асаба – тойдың редакторы

Әңгіме тойдың сөзі мен сахнасына ауысқанда Жансая Жарылғапов:

– Асаба – тойдың редакторы, – деді.

Редактор мәтінінің артық жерін қысқартып, маңыздысын алға шығарады, қисынын түзеп, автордың ойын оқырманға жеткізеді. Асаба да бір кештің ырғағын солай реттеуге тиіс. Ол микрофон ұстаған басты кейіпкер емес, жас жұбайлар мен той иесінің қуа-

нышын жарастырып жеткізетін дәнекер.

Өкінішке қарай, кей тойда жүргізуші өзін кештің иесі санап, қонақтың тілегін үш ауызға қысқарталды да, өзінің жаттанды сөзін, жарысын, «бенефисін» сағаттап жүргізеді.



Бану Абдрашева

Жансая Жарылғапов тоқсаныншы жылдардағы тойларда тізгінді ғалым, ұстаз, сөз білетін зиялы азаматтардың ұстауы жиі кездескенін айтты. Олар жұртты күлдіруді ғана емес, кімге сөз беріп отырғанын, қай жерде кандай тіркес жарасатынын, үлкеннің алдын қалай кесіп өтпеуді білетін.

Қазір жүргізушінің техникасы, жарығы, әлеуметтік желідегі жарнамасы күшейді, бірақ, кейбіріннің сөздік қоры мен адам таныу сол жылтырға ілесе алмай келеді.

Профессор жас асабалардың көбінің сауатсыздығына қынжылатынын да жасырмады. Әсіресе, шоумендерге айтар сын көп. Әр асаба сөзді шебер саптай алуы, түрлі жастағы қонақтардың тілін таба білуі керек. Жұрттың талғамын, елдің рухын көтеруге үлес қосуы қажет.

Жансая Жарылғапов бір ұзату тойының соңында қыз ұзатылар кезде асабаның: «Әлпештеп өсірген қызымызды мәңгілік сапарына аттандырғалы тұрмыз» деп, сөзден сүрінгенін де тілге тиек етті. Бұл, әрине, күлетін емес, көзге жас алатын жағдай. Жастардың өресінің осыншама құлдырап кеткені өкінішті.

– Осы тұста бір ескеретін жайт, сұраныстың да көңіл көншітпейтіндігі. Яғни, той иесі тамаданы дұрыс таңдай алмайды, оған дұрыс талап, шектеу қоя алмайды. Неге? Себебі, елдің көбінің өре деңгейі төмендеп кеткен, білім таяз. Қазір кітап оқығаннан гөрі әншілердің концертіне барғанды жөн көреді. Қоғамның деңгейі осынша түсіп кеткен. Асабаны Құдайдай көріп, асты-үстіне түседі. Олар да тойда өздерін бас кейіпкер санайды. Тойын әупірімдеп жүріп жасап жатқан адам тамадаға талап қоя алмасы анық. Сондықтан, кінәні шоумендерге үйіп-төге берген де жөн емес. Себебі, олар сұрағанын берді. Өрелері де той несімен деңгейлес. Ойнап-күлгенге мәз. Күлкі болып жатқанынан хабары жоқ. Енді, сол елдің төмендеп кеткен талғамын көтеру жолында бірігіп жұмыс істеуіміз керек. Елдің талғамы өссе, ненін ұят, ненін орынды екенін нақ түсінесе, қазақтың тойы түзелері анық, – деді Жансая Жарылғапов.

Бірақ, асабаның білімі тек дұрыс сөйлеумен шектелмейтіні анық. Ол тойға кім келетінін алдын ала білуі керек.

Осы тұста модератор Еркін Мұсабек бір тұсаукесер тойында жүргізушінің белгілі актер Қайрат Кемаловты тани алмай, бар болғаны «қазақтың сондай атакты азаматы» деп таныстырғанын мысалға келтірді. Адамның аты-жөнін білумен қатар, оның елге сіңірген еңбегін екі ауыз сөзбен дәл айта білу – мәдениет.

Сол себепті, той иесі асабаға қонақ тізімімен қатар, шағын «карта» беруі керек. Үлкендер кім, құдалар қайдан, елге белгілі тұлғалар бар ма, кім сөзге шебер, кім көпшілік алдына шығуды қаламайды? Бір адамның қызметі мен атағын даңғаз мақтауға айналдырмай, сыпайы таныстыру да – кәсіби шеберлік.

Жамбыл Жұмабеков ұзын-сонар тілекті қысқартудың бұрын қолданылған бір тәсілін де айтты. Асаба әр үстелдегі адамдарды жеке-жеке микрофонға шақырмай, отырған қауымды таныстырып, солардың құрметіне бір ән жолдап, ортаға биге шақырады. Сонда қонақ та ескерусіз қалмайды, той да тілекке тұншығып қалмайды.

Қазіргі тойдың тағы бір кеселі – адамды мәжбүрлеп күлкі нысанасына айналдыру. Тамақ ішіп отырған қонақты жұлып алып ойынға қосу, қарт кісіні орнынан тұрғызып жарыстыру, адамның сырт келбетіне, отбасылық жағдайына тиісу, қыз-келіншекті ыңғайсыз әрекетке итермелеу «жұрт күлді» деген желеумен ақталмайды.

Бану Абдрашева, әсіресе, ас-ауқатпен байланысты ерсі ойындарды доғаруды, мұндай шекті той иесі асабамен алдын ала келісіп алуы керектігін айтты.

– «Алма әкел», «кәстөм әкел», «темекі әкел» деген не сұмдық? Бұл ойынға үлп-үлкен азаматтар қатысқанда тіпті, жерге кіре жазаймыз. Той иесінің көңілі үшін тілімізді тістеп отырамыз. Негізгі кез келген ойынның тігісін жатқызып, елге пайдалы жағын айтып ойнатса, болады. Жас шоумендер оны да білмейді. Сосын соны осылай шала болып шығады. Қуанышқа ортақтасуға шақырылған құрметті қонақты қорлауға ешкімнің құқы жоқ. Тамада деген көзі ашық, көкірегі ояу, жан-жақты болуы керек. Кез келген жағдайдан жол тауып шыға білуі қадір, – деді ол.

Ал, Сұлтан Тілеубек сегіз сағатқа созылатын тойды қысқартып, басы артық дүниені азайтуды ұсынды.



Жамбыл Жұмабеков

– Той ең алдымен жастарға бата берілетін, ағайын жүздесетін жер болуы керек. Бір ойынды екіншісі, бір шоуды келесісі қуалап, негізгі кейіпкерлер тасада қалса, бағдарламаның көптігі той мазмұнын ашпайды. Бұған дейін де аға буын өкілдері өткізген осы бағыттағы жиындарда көптеген мәселе айтылды. Содан кейін сөзі мен ісі түзеліп, тойға деген қозғарыс өзгерген асабалар бар. Тіпті, сценарий де жанартақандарын көзім көрді. Сол себепті, бұл жұмыс тоқтамаса екен. Алайда, барынша қазақы дәстүр дәріптелсе, төл өнер, қазақы бағыт көбірек насихатталса қуанар едік, – деді Сұлтан Тілеубек.

Айыппұл ма, ақыл ма?

«Асабаның жауапкершілігін қалай арттырамыз?» деген сұрақ залды екіге жарды.

Бір тарап арнайы аккредиттеу, сертификаттау, кәсіпкер ретінде тіркеу, салық төлеу және кәсіби талап белгілеу қажет деді. Тіпті, жүргізушілерді беделі мен жауапкершілігіне қарай шартты түрде «жасыл», «сұр», «қара» санатқа бөліп, мейрамханалар мен тапсырыс берушілерге ашық рейтинг ұсыну туралы пікір айтылды.

– Әр асаба – кәсіп иесі. Сондықтан, олар тапқан табысынан мемлекетке салық төлеуге міндетті. Болашақта осы мәселе назардан тыс қалмауы керек. Оларды тайрандапты, бәленбай мың теңге төлеп шақырасың, оның үстіне өзін мазак

“Әзіл мен әжуаны айыра білмеу деген сұмдық қой. Бұрынғының асабалары тойда классикалық сатира жанрының озық үлгілерін оқитын. Бұлар екі сөздің басын қоса алмайды. Масқара. Орнымен әзілдесе білу – шеберлік, орынсыз қонақты әжуаға айналдыру – сауатсыздық, көргенсіздік. Тойдан шыққанның кейін жүйкең тозып, қан қысымың көтеріліп, ана тамадасымақты сотқа бергің келіп тұрады.

боласың. Ел қатары салық төлесін. Төлемей жүргендерін той үстінде құрықтап, жауапкершілікке тартып, жанын көзіне көрсету керек. Сөйтсе, іріктеліп, нағыз шынайы асабалар қалады және қазақтың тойы түзеледі. Баяғы «Той – тәрбие мектебі» деген түсінік қайта күш алар еді, – деді Жамбыл Жұмабеков.

Ал, Диас Қайрат бұған: – Қазақстанда мәселені қашаннан бастап айыппұлмен ғана шешетін болдық? – деп, қарсы уәж айтты.

Оның айтуынша, аға буынның ақылы мен кәсіби ортаның сынының өзі біраз жүргізушіні өзгертті. Жаза қорқыныш тудыруы мүмкін, бірақ, талғам қалыптастырмайды. Асаба неге әлдебір ойынның ерсі екенін, қонақтың жасына, ортаның деңгейіне қарай бағдарламаны қалай өзгерту кергін түсінбесе, сертификаттың өзі сапаға кепіл бола алмайды.

Мейрамханалар да өз атағына нұқсан келтіретін жүргізушіні ұсынбауға мүдделі. Осы тұста кәсіпкер, «Vogue» мейрамханасының иесі Данияр Қалымбетов көпжылдық тәжірибесінен түйгенін ортаға салды.

– Бірде Шымкентте тұратын інім той жасады. Ұйымдастыру жағына үлесімді қосып, ақылымды айттым. «Асабаны тауып қойдық» деген соң, араластадым. Сөйтсем, «Өртің көп болсын!», «Үстіңнен бір түрлі иіс шығып тұр», «Шиномонтаж да кәсіп пе?» деп елді келеке қылып, молынам табыс тауып жүрген ел білетін Сабыржан тамада екен. Бағасы – миллион теңге. Келін қиылып тұрғасын, келістім. Ол өзіме мүлдем ұнамайды, негізі. Біріншіден, тойға 40 минут кешігіп келді. Ұйпа-тұйпа, «ақ болды, көк болды» деп ырбыңдап, тойды кеш бастады. Онысымен қоймай, той иелерін келеке қылғанда намыстан жарылып кете жаздадым. Інім орта бойлы, томпақ болған соң, оны нөлге теңеп, келінді ұзындау деп, «1» санына теңеді. «Екеуінді қосса, 10 деген сан шығады» деп әжуалады, кәдімгідей. Қуып жіберейін десем, інім мен келінімнің көңілін қинадым. Қаным басыма шапты. Егер тамадаларға кәсібилігіне байланысты рейтинг қойылса, құптар едім. Ол түспен белгіленсе, ең төменгі мәдениетсіздеріне қара түс бұйырса. Сабыржан сияқтыларды қара тізімге қосып, ресторандар аттап бастырмас едім, – деп жүрегіндегі азаматтық жан сөзін ақтарып айтты.

Ал, Сұлтан Тілеубек арзан нәрселерді айтып, қымбат кәсіп жасап жүрген асабаларға ұрысқаннан гөрі, сабырмен үйреткен жөн деген пікір білдірді. «Жүрегінде бір сәулесі бар болса, сөзге тоқтайды» деген сенімін айтты.

Ортақ шешім екі пікірдің арасынан табылды. Кәсіби ортаға белгілі бір өлшем керек. Бірақ, оның өзегі жазалау емес, біліктілікті арттыру болуы шарт.

Той ұйымдастыру орталығының жетекшісі Арайлым Сансызбайқызының орталығы негізінде жас асабаларға арналған семинар өткізу, оған Жансаы Жарылғапов секілді ғалымдарды, бұрынғы классикалық той жүргізудің хас шеберлерін шақырып, шешендік өнер, аудитория психологиясы, сценарий құру, тіл мәдениеті бойынша сабақ беру ұсынылды.

Бекзат Алтынбеков осы жерде мәселені қоғамдық әдеп деңгейіне көтерді. Оның пайымынша, заңмен әр үйдің дастарқанын өлшеу мүмкін емес. Десе де, ақсақал, ғалым, дін өкілі, мейрамхана иесі, асаба және жастар келіскен ортақ ұстаным ұсынуға болады.



Диас Қайрат

Мұндай құжат біреуді жазалайтын нұсқаулық емес, тапсырыс берушінің талабын айқындап, қызмет көрсетушіге кәсіби межені көрсететін қоғамдық келісім болуға тиіс. Өзгеріс жоғарыдан түскен тыйыммен емес, жақсы үлгінің беделге айналуымен орнығады.

Домбыра «өтпей» қалған той

Ұлттық өнердің бүгінгі тойдағы орны сөз болғанда, әңгіменің қызуы тіпті, арта түсті.

Той ұйымдастырушы, «Ұлан-асыр» этноансамблінің жетекшісі Арайлым Сансы-

збайқызы бір жас асабамен болған оқиғаны баяндады. Жүргізуші дәстүрлі әнді бағдарламаға қосқысы келмей, «өтпейді» деп кесіп айтқан.

– Сен өтпейтінін қайдан біліп тұрсың, сен тыңдадың ба бұл әнді? – деп сұрадым. Ол: «Жоқ, мен білемін, өтпейді, алып тасташы», – деді, – деп еске алды Арайлым.

Домбырамен орындалатын, «төбе шашынды тік тұрғызатын» ән өтпейді де, ырғалып билейтін жеңіл нөмір міндетті түрде өтеді деген үкім қайдан шыққан?

Өнерпаз осы сұраққа намыстанып, әнді бәрібір орындатқан. Дәстүрлі әнші дауысын шығарғанда зал ұйып тындапты, телефонға түсіргендер де көбейген. Сонда әлгі асаба Арайлымға келіп, басын иіп кешірім сұрап, әншілердің телефон нөмірін жазып алған.

Бұл шағын оқиға тойдағы талғамды «халық соны қалайды» деген дайын тіркеспен өлшеуге болмайтынын көрсетті. Бұл жерде халықтың атынан сөйлеп тұрған – халық емес, жүргізушінің өз жорамалы. Жақсы дүниені ұсынбай тұрып «өтпейді» деу –



Данияр Қалымбетов

талғамды анықтау емес, талғамның өсуіне жол бермеу.

Домбыраны той басталғанда фойеге қойып, қонақты күймен қарсы алу жөнінде ұсыныс айтылғанда, Арайлым өзінің кейінгі тәжірибесімен бөлісті. Қазір ол дәстүрлі ән мен күйді жай фон ретінде кіреберіске қалдырмай, ет ұсынылатын тұста сахнаға шығарады. Бес минут болса да, жұрт назары бөліп-жармай тындайтын мезетке орналастырады.

Ұлттық өнердің орны төрде ме, босағада ма деген сауалға осы тәжірибенің өзі жауап беріп тұр.

Ұлттық киім мен билің тұтастығы да сөз болды. Арайлым қазақы нақышпен басталған бағдарлама бес минуттан соң мүлде басқа сипатқа ауысып кететінін ашық сынады. Жаңа ғана шашын өріп, сәукеле киген келінді алып шыққан қыздардың артынан «Бразилия биі» деп, жартылай жалаңаш би көрсетуі тұжырымдаманың жоқтығын аңғартады.

Залдан «төрдегі ағалар сол кезде орындарынан тұрып, мойынн сызып қалады» деген қалжың да айтылмай қалмады. Бірақ, күлкінің ар жағында сауал қалды. Этно дегеніміз екі ою жапсырылған көйлек пе, әлде басынан аяғына дейін сақталатын эстетикалық өлшем бе?

Сұлтан Тілеубек осы ойды дәстүрдің «сүйегін сындырмау» ұғымымен жалғалды. – «Сен маған асабанды көрсет, мен сенің кім екенінді айтамын» деген сөз бар, – деді ол.

Қазақ тойдан бас тартпайды. Сондықтан, тойда қандай ән айтылып, қандай би көрсетіліп, беташардың қалай орындалатынын көбіне асаба мен ұйымдастырушы айқындайды. Жаңашылдық керек, бірақ, ол салттың өзегін жоймауы тиіс.

Сонымен бірге, Сұлтан Тілеубек эстрадалық ансамбльге айналған беташарды сыңға алды. Беташар – домбыра ұстаған ақынның келінге осиет айтып, жаңа жұртты таныстыратын ғұрып. Оны сахналық нөмірге айналдырып, эстрадамен бет ашқанда сыртқы әсер күшейгенімен, тәрбиелік мәні көмескіленері хақ.

Оның пікірінше, шоумен де болуы керек, заманауи жарық та, жаңа форма да керек. Бірақ, жаңалық мәдениеттен аттап өтпеуге тиіс. Дәстүр мұражайыдағы қозғалмайтын зат емес, ол заманға бейімделеді. Тек, бейімдеу мен бұрмалаудың арасы бар. Сол араны тану үшін асабамен бірге әнші, күйші, бишілердің жетекшісі, этнограф пен тіл маманы сөйлесетін орта қажет.

Нарық нені сұраса, соны бере ме?

Бір жағынан, той мәдениетінің бар салмағын асабаға артып қою да әділетсіз. Өйткені, бүгінгі той – үлкен индустрия. Мейрамхана, безендіру, фото-бейне, музыка, шоу-топ, көлік, киім, визаж, жүргізуші – бәрі бір-бірімен байланысқан нарық. Оның соңғы тапсырыс берушісі – той иесі.

Диас Қайрат осыны бүкпесіз айтты. Ол алдын ала кездесуде қонақты орнынан тұрғызбайтын, «аяқ киім жыртылмайтындай, киім жыртылмайтындай, біреу



ентікпейтіндей» жеңіл ойындар ұсынатынын жеткізді. Сонда кей тапсырыс беруші: «Бұл қызықсыз ғой», – деп, әлеуметтік желіден көрген шулы ойынды өзі сұрайды.

Демек, ерсі көріністің бәрін асаба күшпен әкелмейді, кейде сұраныс оны есіктен жетектеп кіргізеді.

Диас Қайрат «той иесі асабаны саналы түрде, талаппен таңдауы керек» деген ойын айта келе, таңдауды үйдегі ер-азаматқа тапсырған жөн деп қалды.

Тойдың бағытын бір адам өз бетінше емес, отбасы ақылдасып анықтауға тиіс. Ең бастысы, төлем жасайтын жақ жүргізушіге нақты талабын айта алысын.

Шоумен той шығынының кейде көзге көрінбейтін бөліктерін де атады. Жастардың аты жазылған бір баннердің өзі жүз деген мың теңгеге шығуы, шетелден экзотикалық шоу-топ шақырудың ақысы жүргізушінің гонорарымен теңесуі мүмкін. Осындай қызметке ақша табылғанда, «Асаба неге қымбат?» деген сауал жалғыз жүргізушіге бағытталады. Нарықтың бағасын әр қызметтің атағы ғана емес, тапсырыс берушінің бәсекеге бейімділігі де өсіреді.

Данияр Қалымбетов болса, мейрамхана иесі ретінде саланың ішкі мәселелерін ортаға салды. Кей мейрамхананың өз агенттігі, ұсынатын асабасы, безендірушісі, дайын пакеті бар. Бұл той иесіне ыңғайлы болуы



Жүсіп Шұғайұлы

мүмкін, бірақ таңдау ашық болуы керек. Әр қызметтің бағасы бөлек көрсетіліп, тапсырыс беруші нені алып, неден бас тартып отырғанын түсінгені жөн. «Дастарқан бағасына бәрі кіреді» деген бұлыңғыр ұсыныс кейін күтпеген шығынға соқтырады.

Бану Абдрашева өзін «халал асаба» деп жарнамалап, ақысын көтеретіндер барын да сөз етті. Атаудың өзі әдепке кепіл емес. Егер жүргізуші қонақты кемсітіп, ыңғайсыз жағдайға қалдырса, оның жарнамасындағы діни анықтауыш мінезіндегі олқылықты бүркей алмайды. «Халал» ең алдымен маңдайшадағы сөзден емес, сөз бен әрекеттегі тазалықтан көрінуі керек деген ой айтылды.

Ысырап – дастарқанның молдығы ғана емес

Әңгіме осы тұста ысыраптың діни және адамгершілік өлшеміне ойысты.

ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша «Шаригат және пәтуа» бөлімінің жауапты маманы, мешіт ұстазы Жүсіп Шұғайұлы Құрандағы «Аграф» сүресінің: «Жендір, ішіндер, бірақ ысырап етпеңдер» деген 31-аятын еске салды.

– Бұл қысқа ескертуді тойға тікелей аударсақ, мол дастарқанның бәрін бірдей ысырап деп дұрыс емес. Қонақ күту – қазақы дәстүрде де, мұсылман әдебінде де ізгі амал. Шамаң жетіп, шақырған адамың келіп, ас желініп, арты мұқтажға берілсе, ол – қуанышты бөлісу. Ал, келмейтін адамға орын дайындап, желінбейтін тағамды үйіп, кейін қоқысқа тастау, бір кеш үшін отбасының күнделікті қажетіне кол сұғу, берешекті баланың мойнына арту – ысыраптың анық көрінісі, – деді ол. Жүсіп Шұғайұлының сөзінен шыққан басты өлшем – сан емес, жауапкершілік.

Жүз қонақ бір отбасы үшін ауыр, екінші отбасы үшін қалыпты болуы мүмкін. Сондықтан, «мәлен адамнан асса – харама», «шүген мәзірден көп болса – ысырап» деп механикалық шек қою мәселені шешпейді. Ниет, мүмкіндік, қарыз, тағамның кәдеге асуы және отбасы мүшелерінің ақысы бірге қаралуы тиіс.

Ысырап төгілген тамақ қана емес. Тойды шақырылған мезгілден екі сағат

кеш бастау – уақыттың ысырабы болса, сөздің ысырабы – бір тілекшінің өзінен бұрын айтылғанды қайталап, жұртты жалықтыруы. Қаржының ысырабы – бір бейнероликке кіру үшін алынған артық декор. Адамның абыройын ысырап ету – қонақты ойынға күштеп қосып, күлкіге қалдыру. Дінді орынсыз пайдаланудың да зардабы бар. Оның атын жарнамаға жапсырып, әдебін естен шығару.

Ақша берген адамның талғамына сай қызмет ету – кәсіптің шарты. Дегенмен, ақшаның болуы шектен шығуға рұқсат емес. Жақсы жүргізуші тапсырыс берушінің көңілінен шыға отырып, сол үйдің абыройын, қонақтың қадірін қорғайды.

Ол әр тойға дейін иесімен кездесіп, қонақтардың ортасын, белгілі азаматтарды, үлкендердің үлесін сұрайтынын айтты. Бір ортада жарасқан қалжың екінші ортада өрескел естілуі мүмкін. Жастардың кешінде жүретін жылдам ырғақ ақсақал көп отырған дастарқанда орынсыз. Кәсібилік – бір сценарийді жүз тойға тықпалау емес, әр қуаныштың мінезін табу.

Осы жерде пікірталастың тағы бір маңызды қыры ашылды. Қоғамның рухани деңгейі тойдан бөлек тұрмайды. Концертке, театрға, ғылыми дәріске бармайтын адамның өнермен, шешен сөзбен бетпе-бет келетін жалғыз ортасы кейде – той. Онда не көрсетілсе, не айтылса, соны талғам деп қабылдауы ықтимал.

Демек, тойды тек «шеке отбасының шаруасы» деу жеткіліксіз. Ол – мыңдаған адамды қамтитын мәдени алаң.

Сөз залда қалмауы үшін

Дөңгелек үстел соңына қарай мәселенің ең маңызды тұсы – ендігі жұмыстың бағытына ойысты.

Қатысушылардың пікірінше, бұл жиындағы әңгіме осы жерде қалып қоймауы керек. Өйткені, той мәдениеті жайлы әңгіме бұған дейін де аз айтылған жоқ. Президент деңгейінде көтерілді, Ұлттық Құрылтайда сөз болды, қоғам талқылап келеді. Асабалар бірнеше рет бас қосты. Ендігі міндет – айтылған сөзді нақты іске айналдыру.

Алдағы уақытта «Ortalyq Qazaqstan» газеті ұжымы 30 күн бойы жұртшылықтың пікірін жинап, қайта ұсынуға ниетті. ҚМДБ-ның Қарағанды облысындағы өкіл-



Арайлым Сансызбайқызы

дігімен бірлесіп, қудайы ас беру мәдениеті жөніндегі жеке түсіндірме жадынама әзірлеу де ойда жоқ емес. Бұл бағыт той жөніндегі кодекспен араластырылмайды.

Үш айдан кейін атқарылған газетке қайта сараланып, нәтижесі жүз пен медиахолдингінің цифрлық алаңдарында жариялануға тиіс.

Бұл құжат әкімшілік тыйым емес. Ешкімнің үйіне кіріп, қонағын санамайды, мәзірін тексермейді. Оның күші – қоғам қолдаса ғана жүретін ортақ келісімде.

Той иесі «Менің қуанышымда қонақты қорлайтын ойын болмайды!» десе, асаба «Ақша үшін әдептен аттамаймын!» десе, мейрамхана «Бағаны ашық көрсетіп, асты ысырап етпеймін!» десе, қонақ «Шақырылсам, уақытында барып, той иесін шығынға қалдырмаймын!» десе, той реформасы өмірге енеді.

Қонақтың да жауапкершілігі ұмыт қалмауға тиіс. Шақыруға жауап бермей, дастарқаннан орын алдыру, кешігіп келіп, тойдың басталуын сөзу, тілекке шыққан-



Сұлтан Тілеубек

да уақытты иемденіп алу, асабадан біреуді келемеждеуді талап ету – мәдениеттің біржақты міндет емес екенін көрсетеді. Тойдың сапасын бір ғана жүргізуші емес, залдағы әр адам жасайды.

Той тоқтамайды. Талғам өзгере ме?

Пікірталастың соңында қонақтың несібесі мен батасының мәні туралы жылы сөз айтылды. Қазақ «Бір күндік асың болса, қонақ шақыр» дейді. Үйге келген адамның ақ ниеті мен бір ауыз батасы шәршаған жанның еңсесін көтереді. Көңілі көтерілген адамның шаруасы да оңалады. Тойдың түпкі байлығы, бәлкім, осы шығар. Ол – үстелдің ұзындығы емес, ықыластың кеңдігі.

Осы тұста залдағы ең жас қатысушы – академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің төртінші курс студенті Нұрғасыр Теміржан қолындағы «Қазақтың қысқаша тарихы» кітабынан бұрынғы ас-тойдың мәні туралы үзінді оқыды. Онда қазақ үшін той бір үйдің ғана қуанышы емес, тұтас елдің ортақ мерекесі болғаны, ағайын үйлерін тігіп, бие байлап, ас әзірлесіп, қонақ күткені, бала-шағаның үлкендер сөзін тыңдап, жол-жоралғыны көріп өскені айтылады.

– Ол кісілердің берген батасы, берген ақ жолдары арқылы ғана менің отбасым ертең берекеге толады... Менің балаларым да ертең үйренеді. Үлкендерді сыйлау керек, амандасып жүру керек. Және де ол кісілер әрқашан төрде отыру керек, – деді Нұрғасыр.

Оның «Той ешқашан тоқтамайды, тойханалар да бабылмайды» деген ойы шыңдыққа жакын.

Қазақ қуанышын бөлісуден бас тартпайды. Мәселе, қандай той болатынында. Қарызын жас отбасы өтейтін той ма, әлде сол отбасының жағдайын ойлайтын той ма?

Асаба өзін көрсететін кеш пе, әлде, той иесі мен жастардың мерейін асыратын орта ма? Домбыраны босағада фон қылатын бағдарлама ма, әлде халыққа бес минут болса да шын өнер тыңдататын сахна ма? «Ұят болады» деп жүздеген адам шақыратын әдет пе, әлде, бір қонақты да қорламайтын әдеп пе?

Бұл сұрақтардың жауабы бір күнде табылмайды. Бірақ, жауап іздеу тоқтамауы керек.

Дөңгелек үстелде қабылданатын ортақ ұстаным мен алдағы уақытта шығатын қорытындының да түпкі мақсаты да осыған саяды. Қазақтың тойындағы мәдениетсіздікті тыю, даракылыққа тосқауыл қою, ысырапшылықты азайту, ұлттық өнердің орнын айқындау, асабаның кәсіби әрі адамгершілік жауапкершілігін күшейту және қазақ тойына тәрбие мектебі деген мәртебесін қайтару.

Бұл шарамен мәселе аяқталмайды. Керісінше, енді нақты жұмыс басталуы тиіс. Бұған дейін айтылған ұсыныстар жинақталып, ортақ шешімге түседі. Жұртшылықтың пікірі ескеріледі. Асабалармен жұмыс жалғасады. Мәдениет, дін, ғылым, бизнес және жастар өкілдерінің ұсыныстары бір арнаға тоғыстырылады.

Өйткені той тоқтамайды. Той – қазақтың өмір салтының бір бөлігі. Бірақ, оның формасы мен мәдениеті өзгеруі мүмкін. Өйткені, дәл қазір қазақ тойына реформа керек екені айдан анық!

Суреттерді түсірген

Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Дәстүрге бай дәуір үні

Өткен күндерді қайта жазу қажеттігі әрдайым өзекті. Биыл «Индустриальная Караганда» облыстық қоғамдық-саяси газеті 95 жылдық белесіне қадам басты. Уақыт табына сарғайғанымен, мән-мағынасын еш жоғалтпаған газет тігінділерінде тоқсан бес жылдық журналистік ғұмыр менмұндалайды. «Сауағқа Ақпарат» ЖШС директорының орынбасары, облыстық қоғамдық-саяси «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы Станислав Песнев мырзамен оқырманына деген адалдығынан айнымаған басылымның өткені мен бүгіні турасында ой-өріткенді құп көрдік...

– Станислав Альбертович, әңгімені қарапайым сауалдан бастасак. Атаулы дата сіз және ұжымыңыз үшін неңдей мән үстейді?

– ...Білесіз бе, «95» деген сан «газет» деген сөзбен қатар тұрғанда, еріксіз ойға қалады екенбіз. Қайткенмен, адамзат жадындағы бір ғасырға жуық уақыт мекесі ғой. Мұрағат та өзі, мұражай жәдігері де өзі, дәлме-дәл мағынасындағы



«тірі жады» десек етті, бір ауыз сөзбен. Бұлай деуіміздің бір сыры, осы жылдардың бәрінде газет үзбей жарық көрді. Біз үшін «Индустриалканың» 95 жылы ең алдымен жауапкершілік деп жауап қатар едік. Газет 1930-шы жылдардың басында, Қарағанды енді ғана өнеркәсіптік орталық ретінде қалыптасып келе жатқан тұста дүниеге келді. «Ол кездегі басылым қандай еді?» дер болсаңыз, қысқаша айтқанда, бүгін біз білетін газеттен бөгенайы мүлде бөлек еді. Болашақ «Индустриалканың» алғашқы сандары алғашқы шахтаның маңындағы теміржол тұйығында тұрған вагондарда басылған. Бір вагонда редакция орналасса, екіншісінде баспахана жұмыс істеді. Ол кезде электр жарығы болған жоқ. Жұмыс керосин шамының жарығымен атқарылды. Сенесіз бе?! Ал, терімшілер «реал» деп атаған баспаханалық қаріптер салынған жәшіктердің үстіне майшам қояр еді. Егеулі қалам қолға алған газет қызметкерлері мақаласын да жазды, мәтінді де терді, газет жолдарын да құрастыра білді. Олар баспа станогының басында жұмыс істеді. Бәрі де қолмен жасалды. Өріптен әріпке, жолдан жолға! Иә, газеттің негізін қалаған бірегейлер ол шақта мәңгілік тарих жасаймыз деп ойлаған жоқ болар. Олар болғаны сол күнгі міндетін атқарды. Күн сайын өз жұмысын адал өткерді. Міне, дәл сол қарапайым еңбектің нәтижесінде бүгінде біз мақтан тұтатын дәстүрдің негізі қаланды.

– Басылымның атауы бүгінге дейін бірнеше рет өзгерді. «Большевистская когегаркадан» «Индустриальная Карагандаға» дейінгі аралықты аласак, басылым бірнеше идеологиялық қабаттарды еңсергендей. Солай ма?

– Дәл солай. Адамның өз өмірбаяны болатыны секілді, газеттің де өз ғұмырнамасы бар. Демек, басылымның жасы ұлғайған сайын, оның өмірбаяны да оқиғалар мен тарихи даталарға байи түседі. «Большевистская когегарка», «Социалистическая Караганда», «Индустриальная Караганда» дейтін мәңзелді атаулар – елде болып жатқан өзгерістердің газет бетіндегі көрінісі. Қоғамдық құрылым өзгерді, басылымның форматы өзгерді, мазмұны жаңарды. Тіптен, бір кезінде газет дүниеге келген мемлекеттің өзі өмір сүруін тоқтатты. Кеңес Одағы ыдырап, басылым жаңа атауымен, бірақ, қалыптасқан журналистік мектебін сақтай отырып, тәуелсіз Қазақстанның ақпарат кеңістігіне қадам басты. Задында өзгермеген бір ақиқат бар. «Индустриалка» әрдайым уақыт көшінен қалмай, өз оқырманына жақын болды. Тоқсан бес жыл бойы өзгермей келе жатқан жалғыз тұрақты ұстанымымыз да – осы! Оқырманға адалдық!

– «Индустриальная Караганда» шахтерлер мен металлургтер жайын

ғана жазған жоқ. Газеттің ғарыш тақырыбымен де тағдыры егіз десек, қателеспесіңіз...

– Газет талай жыл бойы жер қойнауындағы кеншінің еңбегін, домнадағы металдың қиызын жазды. Бірақ, оның қаламы жермен шектеліп қалған жоқ. Бір күні сол қалам иелері көкке көз тікті. Ғарышқа ұшқан адамның тағдырын, алыстағы сапардың тынысын, елдің көкейіндегі арманды оқырманға жеткізді. Қарағандының кеңестік және қазақстандық ғарыш тарихында өзіндік орны бар. Мұны біздің журналистер де назардан тыс қалдырған емес. Соның бір жарқын мысалы – қарымды журналист Валерий Савин тәжірибесі дер едік. Ол Қазақ КСР-інің ғарышкер жасағына іріктеу жұмыстарына қатысып, іздестіру-құтқару және эвакуациялық топтардың тыныс-тіршілігін қаламына арқау етті. Ғарыш экипаждарының қонған жерлерінен репортаждар әзірледі. 1989 жылы дәл осы біздің газетте ұшқыш-ғарышкер – Талғат Мұсабаев туралы көлемді мате-

– уақыттың бір белесін белгілеп отырды. Күні кеше мұндай доғаға зауыт пен шахта жұмысшылары қатысса, кейінірек олардың орнын жаңа буын спортшылары басты. Жылдар жылжиды, буын алмасады. Шындығында сөре сызығы сол қалпы қалады. Одан талай жас жүйрік аттанып, талай спорт саңлағы бағын сынады. Бірі жеңіске жетті, бірі тәжірибе жинады, енді бірі спорттағы алғашқы қадамын осы жерден бастады.

– Тоқсан бес жыл ішінде редакциядан республикалық деңгейде танылған талай журналист пен ақын-жазушылар түлеп ұшты...

– Иә, өз басым Қазақстан журналистикасының қарашаңырағында талай жыл еңбек етіп, кәсіби ортада өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан көрнекті қаламгер, журналистика мэтры Владимир Рыжковпен бірге қызмет атқарғанымды әрдайым мақтанышпен еске аламын. Оның журналистік шеберлігі мен өмірлік ұстанымы, сөзге

– Осы күні кез келген басылымның әр саны компьютердегі файлдан бастау алады. Өзіңіз айтқан «шахтаның маңындағы теміржол тұйығында тұрған вагондарда» бастау алған қызмет үдерісі қалай өзгерді?

– Бір сөзбен айтсақ заманбап арнаға ойысты. Тек, мамандықтың мәніне қатысты ештеңе өзгерген жоқ. Өз байқағаныңды бөлісу, өзгенің тәжірибесін елге жеткізу, оқырман үшін маңызды әрі қажет дүниенің бәрін жазуға деген ұмтылыс сол күйінде қалды. Бүгінде газет мазмұны медиа кеңістіктің интерактивті сипатына бейімделіп, қағаз бетінен цифрлық форматқа да еркін қадам басты. Қағаз басылым мен электронды нұсқа қатар қолданыста. Бұл – газеттің дәстүрден ажырауы емес, қайта уақыт талабына сай түлеп, жаңа тыныс ашуы. Өйткені, технология жаңарғанымен, жақсы журналистиканың басты өлшемі өзгермейді. Шындықты айту, маңыздыны саралау



“ Болашақ «Индустриалканың» алғашқы сандары алғашқы шахтаның маңындағы теміржол тұйығында тұрған вагондарда басылған. Бір вагонда редакция орналасса, екіншісінде баспахана жұмыс істеді. Ол кезде электр жарығы болған жоқ. Жұмыс керосин шамының жарығымен атқарылды. Сенесіз бе?! Ал, терімшілер «реал» деп атаған баспаханалық қаріптер салынған жәшіктердің үстіне майшам қояр еді.

риалдардың бірі жарық көрді. Ол кезде Талғат Мұсабаев әлі Халық қаһарманы емес, арманын ақиқатқа айналдыру жолындағы арда азамат еді. Сондықтан, облыстық баспасөзде ғарышты игеру тарихының едәуір бөлігі «Индустриалка» беттерінде жазылды деуге толық негіз бар.

– Газеттің өзіндік спорттық дәстүрі бар ма?

– Бар. Оның үстіне, өте дестелі дәстүр. Яғни, облыстық газеттің жүлдесі үшін өтетін жеңіл атлетикалық эстафетаны айтамыз. Қаламыздың спорт тарихындағы тұңғыш әрі ең көне жүгіру додасы саналатын бұл жарыс тоқсан жылдан астам уақыт ішінде басылымның жарқын спорттық мерекесінің біріне айналды. Жалпы қашықтығы – 5,7 шақырым. Осы уақытқа дейін жарыс 74 мәрте өткізілді. Эстафетаға екі дүркін Олимпиада чемпионы Дмитрий Карпов, жазғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Владимир Муравьев, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Вячеслав Муравьев, Ольга Сафронова, Александра Романова, және басқа да танымал спортшылар қатысты. Эстафетаның ғұмыры – «Индустриалканың» өз ғұмырымен тамырлас. Сөреге шыққан әр буын, жүгіріп өткен әр кезең

деген талғамы біз үшін үлкен мектеп болды. Сондай-ақ, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы, ел журналистикасының абызы Сейітқазы Матаев 1986-1989 жылдары газетімізде бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. Өз кезінде мен сол азамат қызмет еткен кабинетте де жұмысымды жалғастырған сәулелі сәттерім де жалымда. Қарапайым әңгімеден бастап, журналистиканың өткені мен бүгіні, баспасөздің қоғамдағы орны мен қаламгер жауапкершілігіне дейінгі талай өзекті мәселе ортаға салынатын. Осындай тұлғалармен қатар жүріп, пікірлесу, олардың тәжірибесі мен тағылымын көру – мен үшін үлкен кәсіби мектеп әрі өмірлік сабақ болды. Қарағандыдағы журналистика мектебі бүгінде де өзінің дәстүрі мен тағылымын сақтап, республика көлеміндегі білікті де беделді журналистерді қалыптастырған айтулы ұстаханалардың бірі саналады. Бұл мектептің басты ерекшелігі – кәсіби шеберлікпен қатар, сөзге жауапкершілікпен қарауды, ел мен қоғам алдындағы азаматтық ұстанымды қатар сіңіруінде. Осындай ортадан түлеп шыққан қаламгерлердің әр буыны қарағандылық журналистиканың абыройын асқақтатып келеді.



және оқырманға қажет сөзді дер кезінде жеткізу маңызды. Ұлағатты дәстүрді ту еткен ұжымымыз былтырдан бері мемлекеттік тілді меңгеруге айрықша ықылас танытып, мұндай бағытта жүйелі түрде ізденіп келеді. Биыл да бұл игі бастама өз жалғасын тауып, «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының білікті мамандарына жүгініп, қазақ тілінің қыр-сырын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алып отырмыз. Сабақ барысында жаңа сөз үйреніп, сөйлем құрастырып қана қоймай, күнделікті қызметте мемлекеттік тілді еркін қолдануға ұмтылыс бар. Бір-бірімізге қолдау

оқырмандарына шығармашылық табыс, шабыт пен зор денсаулық тілеймін! Тоқсан бес жыл – басылымның жасы емес, оқырман сенімінің жасы. Газеттің ғұмыры қағаздың ғұмырынан ұзақ. Алда – ғасырлық белес! 95 жасың салықалы болсын, аса мәртебелі оқырманның «Индустриалкасы!».

– Оқшау ойлар тұнған әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



• ТАҒЫМ

Қайсар еді, қайран аға!

Қарағанды облысының ауыл шаруашылығын дамытуға өз заманында айтарлықтай үлес қосқан апайтөс ағалардың бірі және бірегейі Сарқан Зейнешұлы болатын. Қайсарлықтың қара нарындай болған марқұм ағаның өмірден озғанына биыл 10 жыл толып отыр.

Сексен жылға жуық ғұмырының алпыс жылын туған елінің өркендеуіне арнаған Сарқан ағаны тағы бір рет еске алып, өмір жолын баяндауды жөн көріп отырымыз.

Иә, тірісінде есімі облысқа белгілі, көптеген шаруашылықтарды басқарып, түрлі мекемелерге жетекшілік еткен Сарқан Зейнешұлының өмірі тақтайдай болған жоқ. Егерде қандай да бір жетістікке жетіп, биіктерді бағындырса ол өзінің еңбекқорлығының, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығының арқасы. Ата тегінен дарыған сұңғылалық пен зеректіктің нәтижесі. Бармын деп аспайтын, жоқпын деп саспайтын сабырлы, көркем мінездің де пайдасы тигені анық. Айналасындағы адамдармен тіл табыса білу, жаңа жұмысқа жатырқамай кірігіп кету тәрізді ерекше жұғымы бар еді. Тілі мірдің оғындай Шаншар абыздың тұқымы болғандықтан әзіл-қалжыңға жүйрік, кез келген отырыстың сәні еді. Өзіне сеніп тапсырылған қызметті ойдағыдай атқарып, омырауы орден мен медальға толы болған абзал азаматтың жастық шағы, әсіресе балалық кезі көптеген қиындыққа толы болды...

Сарқан Зейнешұлы 1937 жылы бұрынғы Егіндібұлақ ауданының алыс түпкіріндегі Мыржық тауының бауырында дүниеге келген еді. Сол қуғын-сүргін қызып тұрған уақытта дүние есігін ашқан жас бала тұрмысы тұралаған ауылдың басындағы қиындықты көзімен көрді. 1942 жылы әкесі Ережепұлы Зейнеш соғысқа аттанғанда бес жаста болған. Әкесінің бейнесі есінде қалмапты, бұлдыр көріністерді ғана біледі. Содан қайтып әкесін көрген жоқ,

хабарсыз кетті, майданнан оралмады. Өзінен бір-екі жас үлкен Орынтай деген апасы, інілері Мақсат пен Тілеубек анасы Гүлжамиланың қолында қала берді. Соғыс уақытында «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» – деп жанталасып еңбек етіп жатқан колхозшылар кілең әйелдер, майданға жарамай қалған кәрі-құртан, бала-шаға болатын. Үйдің асыраушысы Гүлжамила анасы басқа әйелдермен бірге күні-түні, қысы-жазы колхоздың жұмысын атқарды. Құралдары – ағаш соқа, шикылдаған ескі арба, тозығы жеткен шана. Көліктері – қу мүйіз көрі өгіз, сауын сиыр. Ат тек қана завфермада болады. Жайдақ өгіз бен сиығға мініп, жаяу-жалпылап жүріп, колхозшылар жазда шөп шабады. Көктемде егін салып, күзде оны қол орақпен орады. Қыста даладағы маялардан қыстақтарға шөп таситын да сол колхозшы әйелдер еді. Ол уақытта егін салуға ерте көктемде қар кетер-кетпестен шығады екен. Сол егіс басында Көшіметтің балағаны, Ережекті балағаны болыпты. Қалғандары қоста тұрады. Қостан көрі балаған жылы, ішінде пеші бар. Егіс басында тұрған соң бала-шаға да жұмысқа жегілетін еді. Кішкентай ұлдардың бірі соқаға жегілген өгізді жетелесе, екіншісі биілікті үйіріп, айдап отыратын. Осылайша, Сарқан 7-8 жасынан бастап, колхоз жұмысына араласты. Үйдегі ұлдың үлкені болғандықтан анасына қолғабыс жасап, онымен бірге колхоз жұмысынан еңбеккүн тапты. Ол уақытта колхоз жалақы төлемейді, еңбек еткен күндеріне астық, мал береді. Отбасы мүшелері, балалар соны талшық етеді. Ойын баласына мұнша қара жұмыс атқару оңай еместі. Таң атар-тапастан әпербақан бригадирдің «Тұрындар!» деген айғайынан басталатын тірлік, сонау күн батқанша жалғасатын-ды. Ауылдың мұндай қиын тұрмысы, жоқшылық, соғыстан кейін де жалғасты. Жасынан тесік өкпе, ширақ болып өскен Сарқан оқуға да зерек болды, нағыз құйма құлақ бала атанды. Мұғалімнің бүгін айтқан сабағын ертеңіне өзіне айна қатесіз ай-



тып беретін еді. Ол уақытта «Қазақстанның 30 жылдығы» атанған колхоздың Мыржық бастауыш мектебін ойдағыдай бітіріп, 5-6 класты Егіндібұлақ селосындағы орта мектепте оқыды. Жататын жер жоқ, ағайындарды жағалап жүріп, оны да бітірді. 1950 жылы Мыржыққа жалсарлас Едірей ауылынан 7 жылдық орталау мектеп ашылып, осы маңдағы балалар сол мектепке жіберілді. Інісі Тілеубек екеуі енді Едірейге барып оқыды. Мектептің қасындағы интернатта жатты. Содан 7 класты үйінен жырақта аш-жалаңаш жүріп оқыды. Ол уақытта орталау мектеп 7 кластық болып табылатын.

Сонымен орталау мектепті жақсы бітіріп, 1953 жылы бозбала Сарқан Қарқаралы қаласындағы мал дәрігерлік техникумына оқуға түсті. Өз ауылынан 200 шақырым жердегі тамыр-танысы, туысы жоқ бөтен қалаға екінің бірі бармас еді. Бірақ, алған бетінен қайтпайтын жасөспірім жеткіншек тек білім алса ғана адам қатарына қосылатынын жақсы түсінді. Арқасүйер әке майданда хабарсыз кетті. Енді анасы мен ба-

уырлары өзіне сеніп отыр-ау деген ой оны алға жетелей берді. Өзі сияқты алыс ауылдан келген балалармен достасып, үйден келген құрт-майды бөлісіп жеп, оқуларын жалғастыра берді. Тек орыс тіліндегі сабақтар қиыңға түсті. Өздерімен бірге оқитын Владимир Шумский деген бала болды. Орыс тілін содан үйренуге тырысты. Айтпақшы, сол Шумский кейін Осакаров ауданындағы «Есіл» совхозында көп жыл директор болыпты. Ақыры не керек, 4 жыл уақыт зырлап өте шықты. Зоотехник мамандығын алып шыққан жас мамандар жан-жаққа тарайды. Сарқан болса өз ауылы Мыржыққа келіп, кіші зоотехник болып қызметке араласты. Өз қолы өз аузына жетіп, отбасын асырауға кірісті. Бала күнгі арманы орындалды.

Бұдан кейінгі қызмет жолы тікелей ауыл шаруашылығымен байланысты болды. Үш жыл кіші зоотехник болып істеп, қоғамдық малды іңдетген сақтап, өз төлі есебінен өсіруде тәжірибе жинақтады. Соның арқасында өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын жас маманға аудан басшылары сенім артып, тың игеру кезінде құрылған «Комсомол» совхозына бас зоотехник қызметіне тағайындалды. Шаруашылықтағы қауырт жұмысты басқара жүріп, білімін көтеруді де ұмытпады. Алматы зооветеринарлық институтын сырттай оқып бітірді. Осында табан аулармай 9 жыл бас зоотехник болды. 1969 жылы «Қоянды» совхозына партия комитетінің хатшысы болып сайланып, 4 жыл еңбек етті. 1973 жылы Қарағанды облыстық партия комитетінің аппаратына нұсқаушы қызметіне шақырылды. 1977 жылы жаңадан ашылған Талды ауданына басшылық қызметке жіберілді. Аудандық ауыл шаруашылық басқармасының басыңысы әрі халық депутаттары аудандық кеңес төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Жаңадан ашылған ауданның экономикасын өркендетуге өз үлесін қосып, табысты еңбек етті. Соның нәтижесінде 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Одан кейін 1980 жылдан 1994

жылға дейін облыстық ауыл шаруашылық басқармасында бөлім меңгерушісі, облыстық санитарлық мал дәрігерлік мекемесінің басыңысы болды. Соңғы мемлекеттік қызметі Бұқар жырау ауданында жалғасты. Осындағы «Көктал» совхозына директор болып тағайындалды. Бұл одақтың тарап, шаруашылықтың ыдырай бастаған кезі еді. Соған қарамастан Көктал ауылында жаңа мектеп салуды қолға алды. Машина-трактор жөндеу шеберханасын тұрғызды. 1997 жылы заман талабына сай осы ауылда жекеменшік шаруашылық ашты. Оны 20 жылға жуық басқарып, ауыл адамдарын жұмыспен қамтыды. Көп жылғы еңбегі үшін 1999 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды. Мұнымен қоса оның еңбегі Президенттің Алғыс хаты және төрт медальмен бағаланды. Еңбек десе ішкен асын жерге қоятын, алған мақсатынан қайтпайтын, бірбеткей, қайсар ағамыз 60 жыл ғұмырын еліміздің ауыл шаруашылығын дамытуға осылайша үлес қосты.

Қорыта айтқанда, Сарқан ағаның бақилық болғанына биыл 10 жыл толып отыр. Өмірден өткенінше аттан түспеген марқұм ағаның еңбектен бақытын тапқанымен қоса отбасылық бақытты ғұмыр кешті. Жұбайы Сәлима апай екеуі 35 жыл жұптасып, тағу-тәтті өмір сүрді. Бүгінде оның бала-шаға, немере-жienдері Зейнешевтер әулетін жалғастырып келеді. Үлкені Алтынбек әкеден мұраға қалған жекеменшік шаруашылықты донғелтеп, жұмысын ойдағыдай атқарып жүр. Кенжесі Ермұрат қарашаңыраққа не болып отыр. Жақсы ағаның соңы да жақсы болды. Оның кіндігінен тараған ұрпақтары әке атына кір келтірмей бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Сөз соңында ағамызға иман байлығын тілеп, жаны жәннатта, тәні рахатта болсын дейміз!

Серік СЕКСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
«Құрмет» орденінің иегері.

№285

• ОРАҚ – 2026

Ораққа белсене кірісті

Биылғы егін орағы науқанына облысымыздың Нұра мен Осакаров аудандарынан кейін астықты өңір болып саналатын Бұқар жырау ауданының дикандары да белсене кірісіп, ол жұмыс кәзінде қарқын алды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл біздің Бұқар жырау ауданы бойынша дөңді дақылдардың аланы 134,4 мың гектарды құрады (2025 жылы – 129,9 мың га), оның ішінде, бидай – 107,6 мың га, бұл өткен жылғы деңгейден 4,0 мың га артық (2025 жылы – 103,6 мың га), майлы дақылдар 11,6 мың га (2025 жылы – 5,2 мың га), 2 300 га картоп (2025 жылы – 1940 га), көкөністер 103 га – дейді аудандық ауыл

шаруашылық бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Ерлан Мәдениетов.

Алдын ала деректер бойынша 5 ц/га орташа өнімділігімен дөңді дақылдардың жалпы жиналуы 67,2 мың тоннаны, оның ішінде, бидай – 54 мың тоннаны құрайды деп болжанған.

Аудан шаруашылықтарында осы науқанда 59,8 мың тонна картоп және 2,8 мың тонна көкөніс жинау жоспарлануда.

Ағымдағы жылы егін жинау

науқанына 289 шаруашылық (2025 жылы – 285 шаруашылық), оның ішінде, 45 заңды тұлға қатысып отыр.

Егін жинау үшін 181 астық жинайтын комбайн, сондай-ақ, 316-дан астам техника астықты егіннен механикалық қырмандарға тасымалдауға қамтылды.

«Ақ Нұра ХІП» ЖШС және аудан шаруашылықтарындағы жалпы сыйымдылығы 184 мың тонналық 93 астық қоймасы егістік өнімдерін қабылдауды және сақта-

уды қамтамасыз етуге дайын.

Аудан бойынша егін жинау жұмыстарына дизель отынына қажеттілік 3181 тоннаны құрайды. Дизель отынын жеткізу жөніндегі операторлар:

«Vektor Energy Oil» ЖШС және «Мунай компани» ЖШС. Дизель отынының құны – 1 литр үшін 295 теңге.

2026 жылғы 10 қыркүйектегі жағдай бойынша 1327,9 тоннаға 39 шарт жасалып, 535,0 тонна алынды (37 АШТӨ).

Ауданда егін жинау жұмыстары күн сайын қарқын алуда. Агротехникалық іс-шараларға сәйкес қолайлы ауа райы жағдайында дөңді дақылдарды жинауды 30 күн ішінде (күн сайынғы егін жинау алаңы 4500 га) және картопты 21 күнде (күніне 100 га) аяқтау белгіленген.

2026 жылғы 10 қыркүйектегі жағдай бойынша 81,8 мың га дөңді дақылдар (оның ішінде, бидай 62,7 мың га, арпа 18,1 мың. га) жиналып, 40,8 мың тонна астық бастырылса, оның орташа өнімділігі гектарына 5,0 центнерден болды.

900 га алқаптан 23,4 мың тонна картоп (түсімі 260ц/га), 103 га жалпы алқаптың 28,5 га алаңынан 740 тонна көкөніс (түсімі 260 ц/га), майлы дақылдар 567 га алаңнан (барлығы 11,6 мың га) 454 тонна (түсімі 8 ц/га) жиналды.

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

Мәдениет ауладан басталады

Қарағанды облысында «Таза Қазақстан» экологиялық тұжырымдамасы аясында «Үздік аула» облыстық байқауының мәресі жақындап қалды. Байқау тұрғындарды өз аулаларын абаттандыруға, тазалық пен тәртіпті сақтауға ын-таландыруды мақсат еткен.



Аида ПАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау 14 тамызда басталып, 10 қыркүйекке дейін жалғасты. Оған облыс аумағындағы мүлік иелерінің бір-лестіктері, КСК және кондоминиумдар қатысып, бақ сынады.

Жобаның басты мақсаты – ауаларды көркейтуге тұрғындардың қызығушылығын арттырып, абаттандыру мен тазалықты қамтамасыз етудің тиімді үлгілерін кеңінен насихаттау. Сонымен қатар, байқау тұрғындардың ортақ кеңістікке

деген жауапкершілігін арттырып, көршілерді игі іске жұмылдыруға бағытталған.

Жеңімпаздарға да арнайы сыйлықтар қарастырылған. I орын иегеріне – 300 мың теңге, II орынға – 250 мың теңге, III орынға 200

мың теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар табысталады. Бұдан бөлек, жекелеген номинациялар бойынша 50 мың теңгелік ын-таландыру сыйлықтары беріледі.

Байқау барысында аула-ның тазалығы мен абаттан-дырылуы, көгалдандырылған аумақтың жай-күйі, аумақтың ұқыпты күтілуі және тұрғындардың ортақ іске белсенді қатысуы ескеріледі.

Байқау қорытындысы 20 қыркүйекке дейін шығады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Аида ПАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласында шаһардың санитарлық жағдайын жақсартуға ерекше мән беріледі. Көшелер мен қоғамдық кеңістіктер тұрақты бақылауда болып, аумақтар қоқыстан тазартылып, жиналған қалдықтар уақытылы шығарылады. Абаттандырылған орындардың жинақы әрі таза

сақталуына да назар аударылып келеді.

Ал, Теміртау қаласында тазалық жұмыстарына спорт саласының ұжымдары белсене атсалысты. «Жастар» спорт кешені, Теміртау қаласының мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебі, «Жауыртау», «Шанырақ» және Әлия Молдағұлова атындағы спорт интернатының қызметкерлері, сондай-ақ, қалалық дене шынықтыру және спорт

бөлімінің мамандары бірлесіп сенбілік өткізді.

Спорт мекемелерінің ұжымдары Абай көшесінен Бейбітшілік көшесіне дейінгі тасжол бойындағы аумақты тазалап, шөп шапты. Сонымен қатар, жол жиегі мен оған іргелес аумақтар қоқыстан аршылды.

Шахтинск қаласында аумақтың санитарлық жағдайын сақтау және қаланың көркін қалыпта ұстау бағытындағы жұмы-

стар күн сайын жүргізілуде. Қала көшелері, тротуарлар мен скверлер тазаланып, қоқыс жәшіктері ретке келтірілуде.

Тазалық жұмыстары тұрғындарға қолайлы әрі жайлы қалалық орта қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Қала аумағын күтіп-ұстауға бағытталған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қоғамдық орындардың тазалығы мен жинақылығы қамтамасыз етілуде.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы flnk.kar@minfin.gov.kz

8

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Мерекелік маусым мерейі

Театр – тылсымы мен ғажайыбы көп бекзада өнер. Режиссер – тұтас заманның, қоғамның келбетін кескіндеген суретші. Ал, актер – сол көркем картинаның бояуындай адам жанының тереңіндегі мұңды, айқайды жеткізетін дауыс. Кез келген халықтың мәдени өрісін театрына қарап бағалауға болатындай. Аристократиялық өнердің Арқадағы қарашаңырағы – Сәкен театры. Қарашаңырақ 95-ші мерейтойлық маусымын бастады. Мерейтойлық маусымның ашылуы салтанатымен, сәнімен өтті. Шаһардың күретамырындай Бұқар жырау даңғылындағы қайнаған тіршілікке қасқайып қарап отырған сұңқар Сәкеннің алдында театр ұжымы көрменің ыстық ықыласпен қарсы алды. Маусымның шымылдығы қазақтың біртуар суреткері Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясымен ашылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Театрдың алдына қызыл кілем жайылды. Ұжым басшысы Құрман Қалымов пен театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан және Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков, Мәдениет қайраткері, Ерен еңбегі үшін медалінің иегері Махмұт Садықанов, Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері – Нұржібек Жансүгірова театр өнерінің ардагерлері бастаған, жас толқыны қойтаған жұлдызды көш жүріп өтті. Қуыршақ труппасының балдырған көрермендері де өз жұлдыздарын қошеметке бөледі. Әр актерді бір-бір жұлдыз десек, сахна артындағы техникалық және басқа да жұмыстарға жауапты мамандарды түнгі аспанға тенеуге болады. Олар да театр өнерін жоғары бағалайтын өрелі жұрттың алдына шықты.

Салтанатта сөз алған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама



ма басқармасы басшысының орынбасары Айжан Шәкенова театрдың ұлт руханиятындағы орасан орнына тоқталды.

– 95 жыл бұл – театрдың ғана емес, тұтас ұлт өнерінің тарихы. Театр өнерінің қарашаңырағы халқымызға рухани демеу беріп келеді. Бүгінде біздің театр еліміздің рухани ахуалын жақсартуда елеулі еңбек етуде. Құрметті театр ұжымы, сіздерге зор алғысымызды білдіреміз! 95-ші маусым жарқын премьераларға, көрерменнің ықыласына толы болсын! – деді Айжан Шәкенова.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова да театр ұжымын құттықтады.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін театр ұжымы БАҚ өкілдеріне арнайы баспасөз конференциясын өткізді. Конференция барысында театрдың жеткен жетістіктері мен алға қойған жоспарлары айтылды. Кеңес Жұмабеков бүгін Сәкен театры үздік театрлардың қатарында екенін, мұндағы жаңашылдықтар мен ізденістерге өзге театрлар қызығушылықпен қарайтынын алға тартты.

– Әр театрдың өз келбеті, өз қолтаңбасы бар. Театрымыздың

репертуары бай. Эксперименттерге батыл барып, жаңа бағытқа бет бұрудан жасқанбайды. Академиялық театр болғаннан соң үнемі классика бірінші орында. Сахнаға шығып жүрген жас толқынның да аяқ алысы көңілге қуаныш ұялатады. Бірнеше фестивальден «Үздік рөл» сыйлығын алған актрисамыз бар. Соларға қарап, театрымыздың жарқын болашағын көреміз. Театрдың 70%-ы – жастар, – деді Кеңес Жұмабеков.

Театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан алға қойған жоспарларымен бөлісті.

– Осы маусымда өңір көрермендеріне Уильям Шекспирдің «Король Лир» шығармасын ұсынамыз. Бұл – әлемдік классика. Осы премьераға дайындық жүріп жатыр. Содан кейін, театр қабырғасында «Сын – шын болсын» деген ауқымды фестиваль өтеді. Еліміздің түпкір-түпкірінен театрлар келеді. Қарағандының халқы әр театрдың өнерімен сусындайды. Мұндай фестиваль біздің шығармашылығымызға ғана емес, тұтас отандық театр өнерінің дамуына үлес қосатыны анық. Қуыршақ театрына да айрықша көңіл бөлінуде. Өйткені, балаларға рухани азық беру – біз үшін маңызды борыш. Әр спектакльде зал лық толады. Бұл –

тұтас ұжымдық еңбек нәтижесінің айшықты белгісі. Бүгінде халықтың театрға деген қызығушылығы зор. Сол межеден түспеу үшін барымызды саламыз, – деді Айдын Салбан.

Сәкен театры әр маусымның шымылдығын ұлттық классикамен ашады. Биыл да сол дәстүрден жаңылмады. М.Әуезовтің қаламынан осыдан тура 100 жыл бұрын, 1926 жылы туған егілі «Қарагөз» пьесасы сол жылы Семейде қойылып, көрерменнің ерекше ықыласына бөленеді. Алайда, репертуардан тез алынып тасталады да, тек 1953 жылы ғана екі жастың трагедиялық тағдырына құрылған күрделі психологиялық драма сахнаға қайта оралады. Бір-бірін ұнатқаннан басқа айыбы жоқ екі ғашық туыстық тамыры жеті атаға жетпегендіктен, алдарындағы кедергіден өте алмай, бірі сергелдеңнің күнін кешіп, бірі жанданып өледі. Көркемдік компоненттері жағынан әлемдік драматургияның үздік үлгілерімен теңесетін «Қарагөз» пьесасын Сәкен театрының сахнасында жаңа нұсқада, өзгеше форматта қойған қазақстандық белгілі режиссер – Гүлназ Балпейісова.

Сурет театрдың баспасөз қызметінен

• МАНАРБЕК ЕРЖАНОВ – 125

Анадолыны Арқа әуені кернеді

Түркияда қазақтың дәстүрлі ән өнерінің көрнекті өкілі, халықтың рухани жадында өшпес із қалдырған біртуар өнерпаз Манарбек Ержановтың 125 жылдығына арналған тағылымды мәдени кеш өтті. Халықаралық деңгейдегі іс-шараға Арқадан делегация барды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық мәдени байланыстардың маңызды алаңдарының бірі ТҰРКСОЙ халықаралық ұйымының төрінде ұйымдастырылған іс-шара қазақтың дәстүрлі ән өнерін, соның ішінде, Манарбек Ержановтың мол шығармашылық мұрасын түркі дүниесіне кеңінен таныстыруға арналды.

Мерейтойлық кештің ашылу салтанатында ТҰРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі Еркебұлан Сапиев, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Дүйсен Касейінов сөз сөйлеп, қазақтың дәстүрлі өнері мен Манарбек Ержанов мұрасының маңызына тоқталды. Алаштың айбоз ақы-

ны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы Манарбек Ержановқа арнаған жырын оқыды.

Кештің көркемдік өзегіне айналған «Арқа Сазы» фольклорлық ансамблінің концерттік бағдарламасы арқылы Сарыарқаның дәстүрлі ән мектебі Анадолы төрінде жанғырды.

Мәдени кеш аясында ТҰРКСОЙ медальдары табысталып, қазақ мәдениеті мен түркі әлемінің рухани байланысын дамытуға үлес қосқан азаматтарға құрмет көрсетілді.

Анкараға барған Қарағанды облысының мәдениет саласының өкілдері ұлы күйші Тәттімбет Қазанғапұлының ескерткішіне де арнайы барып, баба рухына тағзым етті. Делегация мүшелері ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Сурет облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасынан

• ХОККЕЙ

«Торпедоны» тізе бүктірді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккейден ел чемпионатының кезекті турында өз алаңында өскемендік «Торpedo» клубын қабылдап, алғашқы кездесуінде 2:0 есебімен жеңіске жетті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, жерлестеріміз үшін бұл лигадағы басты қарсыластарының бірі – «Торpedo». Осы маусымда қос команда бұған дейін сегіз мәрте кездескен. Соның бесеуінде қарағандылықтар жеңіске жетіпті. Бұл жолғы ойын да жерлестер үшін оңайға соқпады. Маусымның енді басталғанын ескерсек, қос команда ойыншыларының да тың екені анық. Сондықтан, жанкүйерлер тартысты матчпен қатар, көп шайба соғылады деп күтті. Алайда,

алғашқы кездесуде шабуылшылардың мергендігі байқала қоймады.

Алғашқы екі кезеңде таблодағы есеп өзгермеді. Қос команда да қарқынды шабуылға шығып, бірнеше мәрте теже қасағанымен, шайба қақпа торынан табылмады. Тек үшінші кезеңде алаң иелері есеп ашты. Ойынның 50-ші минутында Александр Борисевич мергендік танытса, араға тоғыз минут салып Данила Карабан көзге түсті.

Енді жерлестер 16-17 қыркүйекте сырт алаңда «Алматы» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ТЕАТР

Шығармашылық байланыстың шырайы

Күзде Теміртау мен Қарағанды қалаларының театр сахнасында Солтүстік Қазақстан облысының Н.Погодин атындағы орыс драма театрының қойылымдары ұсынылады. Петропавлдық шығармашылық ұжым 28 қыркүйек пен 3 қазан аралығында гастрольдік сапармен келіп, көрермендерге түрлі жанрдағы спектакльдерін ұсынбақ.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Гастрольдің алғашқы кезеңі 28-30 қыркүйек күндері Теміртаудағы балалар мен жасөспірімдер театрының сахнасында өтеді. Ал, 1-3 қазан аралығында петропавлдық әртістер Қарағанды қаласындағы К.Станиславский атындағы Қарағанды облыстық драма театрында өнер көрсетеді.

Гастрольдік бағдарламада тарихи драма, комедия, драмалық қойылым және балаларға арналған ертегі қамтылған. Солардың бірі – «Шоқан. Сыбырмен айтылған монолог» спектаклі. Қойылым ұлы ғалым әрі саяхатшы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен тұлғасын арқау етеді. Спектакльде оның білімге деген ұмтылысы, туған жерімен байланысы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі және ішкі жан толғанысы көрініс табады.

Комедия жанрын ұнататын көрермендерге Марк Камолеттидің егілі «Бонинг-Бонинг» пьесасы негізінде қойылған спектакль



ұсынылады. Қойылымның басты кейіпкері Бернар үш стюардессамен қатар қарым-қатынас орнатып, олардың үшу кестесін пайдалану арқылы жағдайды бақылауда ұстап жүреді. Алайда, үшу кестесіндегі күтпеген өзгеріс оның барлық жоспарын бұзып, бірінен соң бірі күлкілі оқиғаларға жол ашады.

Ал, «Телеграмма» спектаклі махаббат, сағыныш, естелік пен үміт секілді адам өміріндегі маңызды сезімдерді қозғайды. Қойылымда кейде дер кезінде айтылмаған сөздің немесе жасалмаған бір қадамның адам тағдырына әсері баяндалады.

Балаларға арналған «Қызыл шашты әбігер» ертегісі де гастрольдік бағдарламаға енген. Көңілді қойылымда басты кейіпкердің қулығы күтпеген оқиғаларға ұласып, жас көрермендерді қызықты оқиғалар әлеміне жетелейді.

Гастроль екі театр ұжымы арасындағы шығармашылық байланысты нығайтып, тәжірибе алмасуға да мүмкіндік береді. Қарымта гастроль аясында 8-11 қазан аралығында Теміртау қаласының балалар мен жасөспірімдер театры Петропавл қаласына аттанады.

Петропавлдағы қарымта бағдарламада «Ре:Обломов», «Көңілді Роджер», «Ауылша Party» және «Паразит» спектакльдері сахналанады. Ал, бүлдіршіндерге «Фунтиктің бастан кешкен оқиғалары» атты ертегі ұсынылады.

Осылайша, екі өңірдің театр ұжымдары өз сахнасында өнер көрсетіп, көрермендерге жаңа шығармашылық ізденістер, әртүрлі жанрдағы қойылымдарды тамашалауға мүмкіндік бермек.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 250 №100 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
